*¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Саясаттану кафедрасының PhD докторанты
Нурсұлтан қ., Қазақстан*

*¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Саясаттану кафедрасының меңгерушісі, PhD, доцент
Нурсұлтан қ., Қазақстан*

**ТҮРКИЯ МЕН ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНА КӨШУ ҮДЕРІСІНДЕГІ
ҰҚСАСТЫҚТАР МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕР (САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ)**

Аңдатпа

Мақалада Түркия Республикасының ХХ ғасырдың басында латын графикасына көшу тарихы мен Қазақстанның бүгінгі латынға көшу үдерісі салыстырыла отырып, олардың ұқсастықтары мен ерекшеліктері зерттелген. Автор Түркияның тәжірибесін, оның ішінде оң тұстар мен кемшіліктерін Қазақстанның латын графикасына көшу үдерісінде ескеру қажеттігі жөнінде ұсыныстарын білдірген.

Түйін сөздер: латын графикасы, әріп төңкерісі, әліпби, кириллица.

Сакен Есіркеп¹, Индира Рыстина¹

¹PhD докторант полит.наук ЕНУ им. Л.Н. Гумилева

г.Нур-Султан, Казахстан

¹заведующая кафедрой политических наук ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, PhD, доцент

г.Нур-Султан, Казахстан

СХОДСТВО И ОСОБЕННОСТИ ПРОЦЕСС ПЕРЕХОДА К ЛАТИНИЦЕ ТУРЦИИ И КАЗАХСТАНА (СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ)

Аннотация

В статье сравнительно анализирована история перехода Турции к латинице в начале XX века и процесс перехода казахского алфавита к латинской графике в Казахстане, а также изучены их сходства и особенности. Автор рекомендовал учесть практика Турции, особенно положительные и негативные результаты в процессе перехода казахского алфавита к латинской графике в Казахстане.

Ключевые слова: латинская графика, революция букв, алфавит, кириллица.

Saken Esirkep¹, Indira Rystina¹

¹PhD candidate of political Sciences, L. N. Gumilyov Eurasian National University

Nur-Sultan c., Kazakhstan

¹ the head of the Department of political Sciences of L. N. Gumilyov Eurasian National University,

PhD, associate Professor,

Nur-Sultan c., Kazakhstan

SIMILARITIES AND FEATURES OF THE PROCESS OF TRANSITION TO LATIN OF TURKEY AND KAZAKHSTAN (COMPARATIVE ANALYSIS)

Abstract

The article comparatively analyzes the history of the transition of Turkey to the Latin alphabet at the beginning of the twentieth century and the process of the transition of the Kazakh alphabet to the Latin script in Kazakhstan, and studies their similarities and features. The author recommended taking into account the practice of Turkey, especially the positive and negative results in the process of the transition of the Kazakh alphabet to the Latin script in Kazakhstan.

Key words: Latin graphics, Letter revolution, alphabet, Cyrillic.

Кіріспе. 2017 жылғы 26 қазанда Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы» № 569 қаулысы шықты. Бұл қаулыда қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру жөніндегі ұлттық комиссия құру, қазақ тілі әліпбиін 2025 жылға дейін латын графикасына кезең-кезеңімен көшіру туралы Үкіметке нақты тапсырма берілді. Осы уақыттан бастап Қазақстанда қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру бойынша қызу жұмыстар атқарылуда.

Бұл ретте, әліпбиі ауыстырған елдердің тәжірибесі біз үшін үлкен маңызға ие. Мысалы көршілес Өзбекстан, Әзірбайжан және Түркия Республикасы да осындай үдерістен өтті. Кейбір елдің тәжірибесі оң нәтиже берсе, кейбірінде кемшіліктер орын алғаны белгілі. Осы орайда осы мақалада Түркияның латынға көшу тарихын зерделеп, орын алған оң және теріс тәжірибелерін Қазақстанда ескеру жөнінде ұсынымдар енгізетін боламыз.

Зерттеудің әдістемесі. Осы мақала жазу барысында саяси ғылымда танымал SWOT-талдау, Case Study және салыстырмалы талдау әдістері пайдаланылды. SWOT-талдау әдісі арқылы екі елдегі латын графикасына көшу үдерісінің жағымды (strengths), жағымсыз (weaknesses), мүмкіндіктері (opportunities) мен қатерлі (threats) тұстары қарастырылады. Осы арқылы оларды салыстырмалы әдіс арқылы жан-жақты талдау жұмыстары жүргізілді.

Түркиядағы «Әріп төңкерісі» сценарийі

1928 жылы 1 қарашада Түркия Республикасының негізін қалаушы Мұстафа Кемаль Ататүріктің пәрменімен латын әліпбиіне көшу туралы жарлық шықты. Бұл жарлық тұтас елді революциялық тұрғыдан жаңа әліпбиге көшіруге бастаған үлкен жоба болатын. Түркияда бұл «Әріп төңкерісі» деп те аталады.

1928 жылы аталған тарихи датада Ататүрік Ұлттық Мәжілістің (заң шығарушы билік институты) ашылуында сөйлеген сөзінде «Ең әуелі өркениетке бастайтын маңызды мәселеге тоқталсам деймін. Бәрінен бұрын түрік халқына қолайлы оқу-жазу кілтін ұсыну қажет. Ұлы түрік халқы білімсіздіктен қысқа уақытта өз тамырына негізделген қолайлы құрал арқылы арыла алады. Бұл – латынға негізделген түрік алфавиті. Қарапайым ғана тәжірибе латынға негізделген түрік әліпбиінің түрік тіліне қаншалықты жақын, ауыл мен қаладағы түрік балаларына оңай тигенін жарыққа шығарды» [1] дей отырып, латын графикасына негізделген жаңа түрік әліпбиіне көшудің маңыздылығын атап өтті.

Латын графикасына көшу Түркияда жылдам, екі әліпбиді қатар алып жүруге тыйым сала отырып енгізілді. Бұл Ататүріктің нақты саяси шешімі мен принципшіл ұстанымының арқасында іске асырылды. Өйткені сол заманда латынға көшуді қолдағандардың өзі оны жылдам, радикалды түрде жүзеге асуын қолдай қоймады. Бұған дейін көтерілген бұл ұсыныс қоғамның үлкен бөлігі, оның ішінде дін ғұламалары, зиялылардың, халық қалаулыларының үлкен қарсылығына тап болғаны тарихтан белгілі.

Халық орта ғасырлардан бері қолданып келген араб графикасына негізделген османлы әліпбиінің сақталып қалуын қалағанымен, Ататүрік латын графикасын енгізу арқылы бірнеше мақсатты алға қойды.

1. Империяның құлдырауына алып келген діни көзқарас, керітартпа ойлардан тазалау. Бұл ең бірінші араб қаріптерімен жазылған еңбектер мен діни қайраткерлердің ықпалын азайту. Діни қасаң қағидалар мемлекетті кері тартқан берік консервативтік күшке ие болды. Тіпті, діни білім алып, молда болған адам әскери қызметтен ресми босатылатын. Ал Ататүрік бастыстық үлгіде жаңа мемлекеттік аппарат құрмақ болды. Жаңа басқару, модерн білім беру жүйесін енгізу жаңа көзқарасты, жаңаша оқулық пен оқыту және басқару стандартын талап етті.

2. Османлы тілі сол кезде араб пен парсы тілдерінің құрамасына айналған болатын. Тіпті, елдің тұтас халқы түсінетін ортақ тіл болмай қалған. Анадолы жеріндегі халық басқа османлы тілін қолданса, Стамбұл тарапы оны түсінбейтін. Сонымен бірге, әр ғасырдың тілі де бірінен бірі өзгеше еді. Ататүрік мұны айқын түсініп, халықты топтастыратын және мемлекеттік аппарат пен халыққа ортақ бекітілген әліпби мен сөздердің қорын жасады.

3. Халықты дамыған батыс елдері қолданатын латын қарпіне көшіру арқылы даму бағдарын айқындауды мақсат тұтты. Осы әліпбиді енгізу мемлекетті батыстық үлгіде дамыту тұжырымдамасына сәйкес келетін.

4. Ежелгі түркі сөздеріне негізделген және араб пен парсы тілдерінен барынша «тазаланған» жаңа түрік тілін жасап шығару. Мысалы Жалаладдин Руми, Омар Хаям сынды орта ғасырлық түркі ойшылдарының жырларын османлы жұртына қарағанда бүгінгі түркі халқы оңай түсінеді. Өйткені олардың жырлары арабшадан алыстау әрі ежелгі түркі тілінде жазылған болатын.

5. 1926 жылы 26 ақпан мен 5 наурыз аралығында Бакуде өткен Бірінші түркітанушылар құрылтайында КСРО құрамындағы түркі халықтарының араб немесе шағатай әліпбиінен латын графикасына көшуі көтеріліп, нақты шешімдер қабылданға болатын. Бұл құрылтайға Түркия елінен ғалымдар қатысып, түрік тілін де латын әліпбиіне көшіру мәселелері көтерілді. Бұл фактор да Ататүріктің әліпбиі ауыстыру туралы шешім қабылдауына түрткі болды.

Оның 1933 жылы айтқан мына өсиеті бесінші аргументте айтылған ойлармен сәйкес келеді:

Бір уақыт ойланып көріңіз. Осман империясы не болды? Австрия-Венгрия қайда? Әлемге әйгілі Германия қандай жағдайға түсті? Ешкім де мәңгілік емес. Бүгін дүркіреп тұрған адуынды мемлекеттер ертең-ақ жоқ болуы мүмкін.

Бүгін Кеңестік Ресей досымыз, көршіміз, одақтасымыз. Бұған біз бүгін мұқтажбыз. Бірақ, ертең не боларын ешкім білмейді. Осман империясы сияқты, Австрия-Венгрия сияқты олда ыдырауы мүмкін. Бүгін қоластындағы халықтар уысынан шығып кетуі мүмкін. Әлемде сонда жаңа тепе-теңдік орнайды. Міне, сол кезде Түркия не істейтінін білуі тиіс. Біздің бұл досымыздың билігінде тілі бір, наным-сенімі бір, өзегі бір бауырларымыз бар. Соларға қол ұшын беруге дайын болуымыз керек.

Дайын болу деген сөз сол күнді күтіп отыру дегенді білдірмейді. Әсіресе, рухани көпірлерге мән беруіміз керек.

Тіл – бір көпір;

Сенім – бір көпір;

Тарих – бір көпір.

Бүгін біз олардан тіл тұрғысынан да, салт-дәстүр жөнінен де, тарихи байланыстардан да ажырап, алыста қалдық. Біз тұрған белес дұрыс па, олар тұрған жер дұрыс па, мұны есептеп жатудың пайдасы жоқ. Олардың бізге жақындасуын күте алмаймыз. Біз оларға жақындасуымыз қажет. Тарихи байланыстарымызды жаңғыртуымыз керек. Бұларды кім істейді? Әлбетте, біз. Оны қалай жасаймыз? Көріп отырсыздар, Тіл қоғамын, Тарих қоғамын құрдық. Тілімізді солардың тіліне жақындатуға, сөйтіп бір-бірімізді оңайырақ түсінетін жағдайға жетуге тырысып жатырмыз [2].

Осылайша Түркия қысқа уақыттың ішінде араб әліпбиінен латын графикалы әліпбиге көшті. Бұл үлкен саяси ерік-жігер мен қыруар

Түркия латынға көшу арқылы ескі замандарда жазылған көптеген құнды еңбектер оқудан қалды. Бірақ бұл үлкен мақсаттардың құрбаны етуге болатын фактор саналды.

Қазақстанның латын графикасына көшу үдерісі

Қазақстан үшін латын графикасы жаңа емес. Өйткені қазақ тілі ХХ ғасырдың басында, яғни 1929-1937 жылдары латын графикасында болғанын айта кету керек. Сол заманда жазылған кітаптар мен газет-журналдар арқылы сол заманда латын графикасы қоғамның сұранысына жауап бергенін байқауға болады. Алайда кеңестік үлгідегі ортақ әліпбиді енгізу саясатының нәтижесінде қазақ тілі 1941 жылы латын графикасынан кириллицаға ауысты. Қазақ тілі бүгінге дейін, яғни сексен жылға жуық осы кирилл әліпбиінде жазылып келеді.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 26 қазандағы № 569 жарлығына сәйкес 2025 жылдан бастап қазақ тілі латын алфавитіне қайта көшетін болып белгіленді. Бұл ретте, қазақ тілі латынға қайта оралып жатыр деген де пікір де бар. Қазақстанның Әзірбайжан, Өзбекстан сияқты тәуелсіздік алған жылдары емес, тек отыз жыл өткеннен кейін латын графикасына көшу туралы шешім қабылдауында демографиялық та фактор жатқанын айта кеткен жөн. Өйткені 1989 жылы жүргізілген санақ бойынша Қазақстанда жалпы 16 464 464 халық тұрса, оның ішінде қазақ ұлтының үлес салмағы 6 534 616, яғни жалпы ел тұрғындарының 39,7 % құраған. Ал орыс этносының саны 6 227 549, яғни ел халқының 37,8 % құраған [3].

Ал Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің «Қазақстанның демографиялық дамуы» туралы дерегіне сәйкес 2019 жылы Қазақстанда 18 395,6 мың адам тұрса, оның 12 505,3 мыңы немесе 68 % қазақ ұлты құрайды. Бұл қазақ тілін латын графикасына көшіру идеясына үлкен қолдау деп санауға болады.

Латынға көшу бойынша кезең-кезеңмен іске асырылатын іс-шаралардың кешенді жоспары бекітілді.

Қазақстанның да латын графикасына көшуінде саяси себептермен бірге техникалық сұраныс та бар. Қазақстанның латынға көшуінде бірнеше себеп айтылады.

1. Әлем елдерінің жартысына жуығы латын графикасын қолданады және ақпараттың, ғылымның тілі латын қарпімен жасалуда.

2. Орыс тілінің ықпалынан біртіндеп арылу. Латын қарпін үйренген жас ұрпақ болашақта орыс тіліне қарағанда, өз тілін тереңірек меңгереді деген гипотеза бар.

3. Фонетикада қазақ тілінің төл дыбысын, терминология саласын дамыту. Қазіргі таңда әлемдік терминдер қазақстанға орыс тілінің үндестік заңына сәйкес енуде. Болашақта латын графикасына көшкеннен кейін қазақтың төл дыбысталу ережесі арқылы енетін болады.

Қазіргі таңда қазақ тілінің латын әліпбиіндегі екі нұсқасы қоғамға ұсынылып, халықтың сын-ескертпелерінің, үлкен талқылаулардың негізінде үшінші нұсқа әзірленді. Бұл нұсқа қазіргі таңда орталық мемлекеттік органдарда келісілу үстінде.

Айта кетерлігі әліпбидің соңғы нұсқасы түрік тілінің әліпбиіне ұқсайды. Көптеген әріптер айна-қатесіз қайталанған. Егер осы нұсқа қабылданған жағдайда түріктердің қазақ тіліндегі материалдарды, қазақтардың түрік тілінде жазылған материалдарды оқу мүмкіндігі артады. Бұл өз кезегінде екі халықтың мәдени салада өзара ықпалдасуына жол ашуы мүмкін.

Қазақстан мен Түркияның латын графикасына көшу сценарийлерін салыстырмалы талдау

Түркиямен салыстырғанда Қазақстанның латын графикасына көшуі эволюциялық жолмен іске асырылуда. Алдын ала жаңа әліпби нұсқасы ғалымдардың, халықтың талқысына салынып келеді.

Сонымен қатар қазақ тілі әліпбиін латын графикасына кезең-кезеңмен көшіру туралы іс-шаралар жоспары бекітілді.

Екі мемлекеттің әліпби ауыстыру үдерісінде ұқсас тұстар мен ерекшеліктері бар. Бұл ретте, Түркияның латынға көшуі тарихта орын алған болса Қазақстанның латынға көшуі бүгінгі күн тұрғысынан өзекті. Өйткені Қазақстан дәл қазіргі таңда латын әліпбиіне көшу жұмыстарына дайындық үстінде. Сондықтан Түркияның тәжірибесі біздің ел үшін маңызды болмақ. Екі мемлекеттің латын графикасына көшудегі тәжірибесінде ұқсас және ерекше тұстар бар. Олар төменде келтірілген кестеде (1-сурет) қысқаша баяндалған.

Салыстыруға таңдалған мәселе атауы	Қазақстан	Түркия
Тарихи тәжірибе	Бар	Жоқ
Енгізілген уақыты	1928 жылғы 1 қараша	2025 жылғы 1 қаңтар (жоспар)
Қай әліпбиден латынға көші	Кириллица	Араб
Латынға көшу бастамасы кімнен шықты	Н.Ә. Назарбаев	М.К. Ататүрік
Ішкі қарсылық	Бар (әлсіз)	Бар (қуатты)
Әліпби нұсқасының ұсынылуы	Вертикальді және горизонтальді	Вертикальді
Дайындыққа берілген уақыт	Жеткілікті	Қысқа мерзім
Элитаның қолдауы	Басым	Аз болды (ішкі қарсылық басым)

1-сурет. Қазақстан мен Түркияның латын графикасына көшу үрдісіне салыстырмалы талдау кестесі

Түркияда латынға көшуге қатысты консервативтік және діни лидерлер тарапынан қарсылық көп болған, Қазақстанда да кездеседі. Түркияның латынға көшуінде мәдени саладан бөлек саяси астар да болды. Қазақстанда да латынға көшкеннен кейін саяси санада өзгеріс орын алуы ықтимал және мұны кейбір сарапшылар геосаяси үрдіс ретінде бағалауда.

Түркияда латынға көшу және графиканың түрі вертикальді түрде жоғарыдан төменге ұсынылды және оны әкімшілік ресурстар арқылы іске асырды. Мұның себебі Түркия қоғамы бұған қарсы болды. Оны талқылау арқылы қоғамның қарсылығына ұшырау оңай болатын. Ал Қазақстанда қарсылық қатты емес. Қазақстанда латын қарпіне көшуге қарсы шығушылардың негізгі бөлігі өздері қазақ тілін жеткілікті білмейтіндер және кириллицаға үйренген аға буын. Сондай-ақ, қазақ тілін білетін бірақ латынға көшуге қарсы ұстанымдағы азаматтардың аргументтері – дағдарыс жағдайында артық қаражат жұмсаудың қисынсыздығы, кириллицада жазылған еңбектерді болашақта жаңа буынның оқи алмай қалуы т.б.

Тағы бір көңіл аударарлық ерекшелік – Түркияда латын әліпбиіне көшу бойынша шетелдік тәжірибелерді ескеру мүмкіндігі аз болса, Қазақстан үшін кириллицадан және өзге де әліпбилерден латын әліпбиіне көшу тәжірибелері бар.

Сондай-ақ, Түркияда халықтың көпшілігі сауатсыз болған, сондықтан халықты жаппай сауаттандыру жүргізген кезде қай әліпбиде оқытса да басынан бастап әріпті үйретуге тура келетін. Сондықтан латын әліпбиін үйрету оңай жүрді.

Түркияда негізгінен түрік, араб және парсы тілінен жинақталған османлы түрікшесі қолданыста болса, Қазақстанда қазақ тілімен қатар орыс тілінің де ықпалы зор. Халықтың орыс тілінде коммуникация жасайтын бөлігі үлкен ықпалға ие. Бұл да белгілі бір дәрежеде латынға көшу үдерісіне кедергі келтіретін фактор саналады.

Түркия халқы үшін латын әріптері таңсық, түсініксіз саналса, Қазақстан үшін мұндай қиындық жоқ. Өйткені латын графикасына көшпей-ақ компьютер мен смартфонның пернетақтасындағы латын әріптерін қолданып, қазақ тіліндегі сөздерді латын графикасымен жазу үрдісі халықтың арасында,

әсіресе жастар арасында кең таралып үлгерді. Бұл латынға көшкеннен кейін халықтың осы алфавитке тез үйренуіне мүмкіндік береді.

Түркияның тәжірибесінде латынға көшкеннен кейін халықтың ұтқан және ұтылған тұстары болған. Қазақстан да ұтқан тұсын ескеріп, ұтылған тұсынан сабақ алуы тиіс.

Түркия мен Қазақстанның латын графикасына көшу үдерісін салыстыра келе SWOT-талдау әдісі (2-сурет) арқылы Қазақстанға қатысты төмендегідей ерекшеліктерді атап көрсетуге болады.



2-сурет. Қазақ тілінің латын әліпбиіне көшу үдерісіне қатысты SWOT-талдау

Қорытынды

Зерттеу барысында байқағанымыздай қазақ тілінің латын графикасына көшуінде Түркиядан алатын тәжірибе бар. Түркияның латын графикасына көшу өзін-өзі ақтаған үлкен жоба болды. Бірақ түрік тіліндегі кейбір дыбыстардың алфавиттен түсіп қалуы түрік тілінің үндестік заңына қайшы болып, «к», «ә» сияқты дыбыстарды бүгінгі түрік халқы айта алмайтын жағдайға алып келді. Қазақстан мұндай жағдайды ескеріп, барлығын жан-жақты ескергені жөн.

Қазақ тілінің латын әліпбиіне көшуі айқын жоспардағы үрдіс. Қазіргі таңда аталған бағытта қыруар жұмыстар атқарылуда.

SWOT-талдау әдісінен көргеніміздей Қазақстанның латын графикасына көшуінде сан қырлы астар мен нәтиже бар. Осыған ұқсас дәлелдемелер санын бұдан әрі де жалғастыра беруге болады. Бұл ретте, үрдістің табысты болуы алдын ала оң және теріс сценарийлерді дұрыс болжап, оған сәйкес дер кезінде және дұрыс шешім қабылдай білуге байланысты.

Зерттеуден латынға көшудің оң нәтижелері басым екенін байқауға болады. Жоғымсыз және қатерлі тұстарда келтірілген кейбір аргументтер, уақыт өте келе түзелетінін болжауға болады. Сондықтан ұлттық қауіпсіздікке қарсы, ұлтаралық кикілжіңге себеп болуы мүмкін сценарийлердің алды алынса қазақ тілінің латын графикасына көшуі нәтижелі аяқталады деп болжауға болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Atatürk'ün S.D.I, s. 345, <https://www.atam.gov.tr/duyurular/harf-ve-dil-devrimi> (17.11.2020).
2. Atatürk'ün Türk Dünyası ile İlgili Öngörüsü (Атамүріктің түркі әлеміне қатысты көрегендігі), https://www.turtep.edu.tr/index.php?sayfa=ataturk_ongorusu (17.11.2020).
3. Динамика численности и состава населения Казахстана во второй половине XX века, Е.П. Зимовина, Электронная версия бюллетеня Население и общество, Центр демографии и экологии человека Института народнохозяйственного прогнозирования РАН, № 103-104, 3-16 марта 2003. (17.11.2020).

УМКД 32:005.745

МРНТИ 11.01.13

Байтурбаева А.Т.¹, Алимжанова Д.А.¹

¹Научный руководитель: к.п.н., ст.преподаватель кафедры международных отношений КазНПУ им.Абая

¹магистрант 2-курса специальности «Международные отношения» Института Сорбонна-Казахстан при КазНПУ имени Абая
г. Алматы, Казахстан

САММИТ В АСТАНЕ, КАК ИТОГ ПРЕДСЕДАТЕЛЬСТВА РК В ОБСЕ

Аннотация

В статье описываются сложности международной обстановки, включая критическую ситуацию вокруг Договора об обычных вооруженных силах в Европе, сложившейся во время председательства Казахстана в ОБСЕ. Приведен подробный анализ концепции председательства государства, основанного на принципиальных постулатах: «Доверие» (Trust), «Традиция» (Tradition), «Прозрачность» (Transparency), «Толерантность» (Tolerance).

В центральной части статьи подробно характеризуется и анализируется Астанинский саммит, имевший место в декабре 2010 года. Невозможно недооценить или переоценить значение такого форума в масштабах страны и международного сообщества.

Количество участников (38 глав государств и правительств), а также уровень высокопоставленных официальных лиц государств-членов ОБСЕ и представителей других, международных и региональных организаций, вопросы саммита, а также принятая декларация свидетельствует о признании авторитета и значения деятельности Казахстана на посту председателя ОБСЕ.

Ключевые слова: международная обстановка, председательство, ОБСЕ, саммит, форум, международное сообщество, официальные лица, международные организации, декларация, авторитет, достижения, стратегия, успех.

Байтурбаева А.Т.¹, Әлімжанова Д.А.¹

¹Ғылыми жетекшісі: Абай атындағы ҚазҰПУ, Сорбонна - Қазақстан институты, халықаралық қатынастар кафедрасының аға оқытушы, с.ғ.к.

¹Абай атындағы ҚазҰПУ Сорбонна-Қазақстан институтының Халықаралық қатынастар мамандығының 2 курс магистранты
Алматы қаласы, Қазақстан

АСТАНАДАҒЫ САММИТ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕҚЫҰ-ҒА ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУІНІҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ РЕТІНДЕ

Аңдатпа

Мақалада Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалығы кезінде қалыптасқан Еуропадағы әдеттегі Қарулы Күштер туралы шарт төңірегіндегі дағдарысты жағдайды қоса алғанда, халықаралық жағдайдың күрделілігі сипатталады. "Сенім" (Trust), "Дәстүр" (Tradition), "Ашықтық" (Transparency),

"Толеранттылық" (Tolerance) қағидаттық постулаттарына негізделген мемлекет төрағалығының тұжырымдамасына толық талдау келтірілген.

Мақаланың орталық бөлігінде 2010 жылғы желтоқсанда орын алған Астана саммиті егжей-тегжейлі сипатталады және талданады. Мұндай форумның ел мен халықаралық қоғамдастық ауқымындағы маңызын жете бағаламау немесе асыра бағалау мүмкін емес.

Қатысушылардың саны (38 мемлекет және үкімет басшылары), сондай-ақ ЕҚЫҰ-ға мүше мемлекеттердің жоғары лауазымды ресми тұлғаларының және басқа, халықаралық және өңірлік ұйымдар өкілдерінің деңгейі, саммит мәселелері, сондай-ақ қабылданған декларация Қазақстанның ЕҚЫҰ төрағасы қызметіндегі беделі мен маңызын мойындағанын куәландырады.

Түйінді сөздер: халықаралық жағдай, төрағалық, ЕҚЫҰ, саммит, форум, халықаралық қоғамдастық, ресми тұлғалар, халықаралық ұйымдар, декларация, бедел, жетістіктер, стратегия, жетістік.

Alimzhanova D. A.¹, A.T. Baiturbayeva¹

2 year undergraduate of specialty international relations of the Institute of Sorbonne-Kazakhstan at KazNPU Abay Almaty, Kazakhstan

Scientific adviser: Candidate of Political Sciences, Senior Lecturer of the Department of International Relations of KazNPU named after Abai

ASTANA SUMMIT AS A RESULT OF KAZAKHSTAN'S OSCE CHAIRMANSHIP

Abstract

The article describes the complexities of the international situation, including the critical situation around the Treaty on conventional armed forces in Europe, which developed during Kazakhstan's chairmanship in the OSCE. A detailed analysis of the concept of the state chairmanship, based on fundamental postulates, is given: "Trust", "Tradition", "Transparency", "Tolerance".

The Central part of the article describes and analyzes in detail the Astana summit, that took place in December 2010. It is impossible to underestimate or overestimate the importance of such a forum in the country and in the international community.

The number of participants (38 heads of state and government), as well as the level of high-ranking officials of the OSCE member States and representatives of other international and regional organizations, the issues of the summit, as well as the adopted Declaration indicate recognition of the authority and significance of Kazakhstan's activities as the OSCE Chairman.

Keywords: international situation, chairmanship, OSCE, summit, forum, international community, officials, international organizations, Declaration, authority, achievements, strategy, success.

Одним из наиболее важных этапов в истории современного Казахстана стало председательство государства в Организации по безопасности и сотрудничеству в Европе (ОБСЕ) в 2010 году, крупнейшей региональной структуре, охватывающей 57 стран Европы, Центральной Азии и Северной Америки.

Развивающиеся конфликты, проблемы в военно-политическом балансе на континенте, критическая ситуация вокруг Договора об обычных вооруженных силах в Европе - все эти и другие вопросы вызывают серьезную озабоченность у стран - участниц ОБСЕ.

«Казахстан большое внимание уделяет вопросам безопасности. Это касается и антиядерного аспекта. Казахстан официально присоединился к Договору о запрещении ядерного оружия. Подписавшиеся страны, обязуются ни при каких обстоятельствах не разрабатывать, не использовать и не хранить ядерное оружие. Документ в ООН приняли при поддержке 122 государств. Однако девять ведущих стран, обладающих опасным оружием, среди которых США, Россия, Китай и Франция, ... никак не отреагировали на данный Договор» [1].

Дестабилизация Договора о нераспространении ядерного оружия стало еще одним вызовом международной безопасности, а также проявления межэтнических конфликтов, религиозной нетерпимости. Существенно обозначилась необходимость конструктивного сотрудничества в борьбе с возникающими транснациональными угрозами - незаконной миграцией, экстремизмом, наркотрафиком, международным терроризмом, и другие.

Характерно, что их очаги появились за пределами Европейского пространства. Консеквенции глобального финансово-экономического кризиса продолжают воздействовать на страны и регионы. Требуется новые решения к формированию экономической безопасности всех участников ОБСЕ [2].

Казахстан, за время существования ОБСЕ, был первой страной СНГ, возглавившей Организацию. Это знаменательное решение, которое продемонстрировало приверженность ОБСЕ своему принципу равенства стран-членов и доктрине общей зоны безопасности от Ванкувера до Владивостока, стало признанием растущего значения Казахстана на международной арене [3].

Концепция председательства РК в ОБСЕ осуществлялась на принципах: «Доверие» (Trust), «Традиция» (Tradition), «Прозрачность» (Transparency), «Толерантность» (Tolerance) [4].

Доверие - это ключевой ресурс международных отношений. Доверительные отношения между странами и постоянный диалог формируют рамочную архитектуру современной системы коллективной безопасности.

Традиция подчеркивает приверженность казахстанцев основополагающим принципам и ценностям ОБСЕ. Прозрачность означает абсолютную открытость, отсутствие двойных стандартов и разделительных линий.

Терпимость означает осознание растущей важности межкультурного и межцивилизационного диалога. Вершиной председательства государства в ОБСЕ стал Астанинский форум, состоявшийся в начале декабря 2010 года, после перерыва более одиннадцати лет предыдущего совещания (1999 г.), состоявшегося в Стамбуле [5].

В Саммите приняли участие 38 глав государств и правительств, высокопоставленные официальные лица государств-членов ОБСЕ и представители других международных и региональных организаций. Среди участников были Генеральный секретарь ОБСЕ Марк Перрен де Бришамбо, Генеральный секретарь ООН Пан Ги Мун, тогдашний президент России Дмитрий Медведев, госсекретарь США Хиллари Клинтон, канцлер Германии Ангела Меркель, премьер-министр Италии Сильвио Берлускони и другие.

Саммит в Астане продемонстрировал политическую волю глав государств-членов ОБСЕ по преодолению растущей поляризации в международной политике и взаимного отчуждения между странами-членами Организации. На саммите были рассмотрены вопросы устойчивой безопасности в евроатлантической зоне и Евразии, а также проблема Афганистана и разрешение затяжных конфликтов.

Выступая перед участниками саммита, Президент Н. Назарбаев отметил «необходимость перехода к новой парадигме безопасности, предполагающей формирование общего пространства сотрудничества от Атлантического океана до Тихого океана и от Северного Ледовитого океана до Индийского океана» [6].

Итогом напряженных консультаций, стало подписание декларации ОБСЕ в Астане, которая выражала поддержку всеми участниками всеобъемлющего подхода к безопасности, основанного на взаимном доверии и полной прозрачности [7].

Осуществление перехода к следующему этапу развития сотрудничества и безопасности стало важным результатом Саммита, исходя из новых геополитических обстоятельств.

Было заложено понятие "Евро-Атлантическое и Евразийское сообщество безопасности" впервые в декларации [8]. Принятая по итогам саммита Астанинская декларация, характеризует приверженность участников Саммита принципам и ценностям ОБСЕ, закрепленным в Хельсинкском Заключительном акте и Парижской хартии для новой Европы и других документах Организации.

Кроме того, представители государств-членов ОБСЕ обязались продолжать работать во всех трех измерениях (политико-военное, экономическое и экологическое, социально-гуманитарное), наращивать усилия по урегулированию конфликтов и очагов нестабильности, продвигать права человека и вдохнуть новую жизнь в Организацию в ответ на новые вызовы безопасности.

По словам аналитиков, это действительно дипломатический переворот для Казахстана. «Проведение саммита в Астане - это вопрос престижа, PR и международного признания», - сказала EurasiaNet.org исполнительный директор Алматинского института экономических стратегий - Центральная Азия Айттолкын Курманова.

Рико Айзекс, преподаватель международных исследований в Оксфордском университете Брукса в Великобритании, говорит, что Астана обеспечила саммит благодаря конструктивной деятельности в качестве председателя. «Саммит следует рассматривать как успех председательства Казахстана», -

сказал он EurasiaNet.org. «Я думаю, что они получили саммит благодаря своим собственным политическим навыкам во многих отношениях, своей собственной форме публичной дипломатии».

Согласно мнению многих экспертов, Саммит состоялся благодаря высокому международному авторитету Президента Казахстана. Широко известные и крупные политики современности приняли участие в Форуме, многие из которых были лично приглашены Президентом РК [9].

Председательство Казахстана в ОБСЕ, значительно повысило имидж государства, как полноценного участника организации, основателя исторического Саммита в Астане и инициатора интеграционных процессов на евразийском пространстве.

Саммит в Астане получил высокую оценку глав делегаций. Так, генеральный секретарь организации Марк Перрен де Бришамбо подчеркнул, что решения, принимаемые в столице Казахстана, будут способствовать разработке единой стратегии противостояния общим вызовам и угрозам.

Генеральный секретарь ООН Пан Ги Мун сказал, что председательство РК в ОБСЕ было действительно успешным.

Госсекретарь США Хиллари Клинтон отметила, что саммит ОБСЕ продемонстрировал значительную роль государства на международной арене [10].

Избрание суверенного Казахстана председателем одной из самых авторитетнейших организаций на евразийском пространстве, первым среди государств СНГ, тюркоязычного мира является одним из наиболее значительных достижений государства после приобретения независимости.

Список использованной литературы:

1. Сабитова Ш.А. 1 , Зикриярова Р. 2 1 д.ф. наук, ассоц. профессор КазНПУ им. Абая, 2 магистрант 1 курса специальности «Международное право», КазНПУ имени Абая, г. Алматы, Казахстан. Роль Казахстана в борьбе с терроризмом в современных условиях международной политики. – 219 с.

2.OSCE- official site.

3. . Костина Т. Архитектоника евразийской безопасности: новая роль ОБСЕ // newsite.kazpravda.kz/c/ 4 декабря.

4. Нурсултан Назарбаев: «Для стагнирующей ОБСЕ необходим Саммит» // kazpravda.kz/print/.

5. Inform.kz <https://www.inform.kz/ru/kazahstan-i-obse> .

6. Tengrinews. Декабрь 2010.

7. <https://ru.sputniknews.kz/economy/>.

8. Казахстан – на посту председателя ОБСЕ: Новая страница истории. Александра Шкурко, кандидат исторических наук // Северный Казахстан.-2010.

9. Akorda.kz, декабрь 2010.

10. Председательство Республики Казахстан в ОБСЕ как фактор укрепления авторитета организации. Г. А. Мовкебаева. Вестник КазНУ, 2011.

УДК 32:001.12/.18

МРНТИ 23.00.01, 07.00.10

Г.А Менлибаев¹, Латай Жанерке¹

¹Ғылыми жетекшісі: Абай атындағы ҚазҰПУ, Сорбонна-Қазақстан Институты, Халықаралық қатынастар кафедрасы, т.ғ.к., доцент, тарих және қоғамдық ғылымдар академиясының академигі Алматы қ. Қазақстан kai_1960@mail.ru

¹Магистрант: Абай атындағы ҚазҰПУ, Сорбонна-Қазақстан Институты, Халықаралық қатынастар кафедрасы, 7М03101-«Халықаралық қатынастар» мамандығының 1-курс магистранты, Алматы қ. Қазақстан latai.janerke@gmail.com

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЛАТЫН АЛФАВИТІНЕ КӨШУ МӘСЕЛЕСІНЕ БАСҚА БІР КӨЗҚАРАС

Аңдатпа

Соңғы 100 жыл ішінде 3 рет алфавитін өзгерткен Қазақстан, қазіргі таңда сонау 1940 жылдан бері қолданылып келе жатқан кирилл әліпбиінен латын әліпбиіне көшуді жоспарлап отыр. Қазақ тілінің латын әліпбиіне көшуі, жаһандану дәуірінде, әлемді кішірейтіп мәдениеттер арасы әр түрлі қарым-қатынастың дамыған осы бір технологиялық шағында, Қазақстанның басқа елдер мен қарым-қатынасы және байланысы тұрғысынан үлесі зор. Қазақстан Республикасының «кирилл әліпбиінен латын қарпіне көшуі мәселесі»-н ел басы, тұңғыш президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев 2006 жылы 24-қазан күні болып өткен Қазақстан халқы ассамблеясының XII. сессиясында алғаш рет қозғады. Сондай-ақ, Елбасы өзінің 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына жолдауында: «Мемлекет өз тарапынан мемлекеттік тілдің позициясын нығайту үшін көп жұмыс атқарып келеді. Қазақ тілін кеңінен қолдану жөніндегі кешенді шараларды жүзеге асыруды жалғастыру керек. Біз 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын қарпіне, латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл - ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе. Бір кезде тарих бедерінде біз мұндай қадамды жасағанбыз. Балаларымыздың болашағы үшін осындай шешім қабылдауға тиіспіз және бұл әлеммен бірлесе түсуімізге, балаларымыздың ағылшын тілі мен интернет тілін жетік игеруіне, ең бастысы – қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады.» – деп латын әліпбиіне көшудің қажеттілігін атап өтті [1]. Бұл мәселе бойынша халық арасында көптеген пікірталастар туындады. Алайда, Қазақстан Республикасының тұңғыш Президентінің 2017 жылы 26-қазандағы № 569 «Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру» туралы жарлығы бойынша мәселе қайтадан қозғалды. Бұл жолы латын алфавитіне көшу мәселесі халық тарапынан түсіністікпен қабылданып, көптеген қолдау көрді.

Осы мақаламызда Қазақстанның Латын алфавитіне көшу мәселесін экономикалық, саяси және әлеуметтік-мәдени тұрғыдан талқылайтын боламыз.

Түйін сөздер: Қазақстан, Латын әліпбиі, Кирилл әліпбиі, Қазақ тілі.

Г.А Менлибаев¹, Латай Жанерке¹

¹научный руководитель: кандидат исторических наук, старший преподаватель кафедры международных отношений Института Сорбонны-Казахстан при КазНПУ им.Абая г.Алматы, Казахстан kai_1960@mail.ru

¹магистрантка 1 курса факультета международных отношений, Институт Сорбонна-Казахстан при КазНПУ им.Абая, г.Алматы,Казахстан latai.janerke@gmail.com

НОВЫЕ МНЕНИЯ О ПЕРЕХОДЕ ОТ КИРИЛЛИЧЕСКОГО АЛФАВИТА К ЛАТИНСКОМУ АЛФАВИТУ В КАЗАХСТАНЕ

Аннотация

Казахстан, который изменил свой алфавит три раза за последние 100 лет, теперь хочет снова перейти на латинский алфавит. Этот вопрос впервые упоминается Первым Президентом Казахстана Нурсултаном Назарбаевым, 24 Октября 2006 года на собрании Ассамблеи народов. Алфавитная революция

- это не просто изменение текста, она занимает важное место в истории языка и культуры в общественной жизни.

В этой статье мы собираемся проанализировать экономические, политические и социокультурные аспекты перехода от кириллицы к латинскому алфавиту Казахстана.

Ключевые слова: Казахстан, Латинский алфавит, Кириллица, Казахский язык.

G.Menlibayev¹, Latai Zhanerke¹

¹candidate of historical sciences, senior lecturer of the faculty of international relations, Institute Sorbonne-Kazakhstan

¹master of the 1st year of the faculty of International relations, Institute Sorbonne-Kazakhstan

THE NEW OPINIONS ON THE TRANSITION FROM THE CYRILLIC ALPHABET TO THE LATIN ALPHABET OF KAZAKHSTAN

Abstract

Kazakhstan, which has changed its alphabet three times during the last 100 years, now wants to pass again to Latin alphabet. This issue is mentioned first time by First President of Kazakhstan Nursultan Nazarbayev on October 24, 2006 on the assembly of nations meeting. On December 14, 2012, when the “Kazakhstan-2050” strategy program was announced to the public by the President, was also mentioned the transition to the Latin alphabet in 2025. Alphabet revolution is not just a simple text change, but it has an important place in the history of language and culture in social life.

In this article, We are going to analyze the economic, political and social-cultural aspects of the transition from the Cyrillic alphabet to the Latin alphabet of Kazakhstan.

Key words: Kazakhstan, Cyrillic alphabet, Latin alphabet, Kazakh language.

1. Кіріспе

Қазақстан, мыңдаған жылдық тарихымен, орталық азиядағы кең аумағымен, әр түрлі этникалық халқымен, жер асты және жер үсті байлығымен ғасырлар бойы аумақта саяси және экономикалық маңызы бар ел, сонымен қатар әрі Қытай әрі Ресеймен ең ұзын шекаралас ел болуымен өзіндік геополитикалық және геосаяси маңызы бар, орталық азияның жарқырап жанып келе жатқан жарық жұлдызы болып табылатын мемлекет. Қазіргі таңда Қазақстанда сонау 1940 жылдан бері қолданылып келе жатқан кирилл әліпбиінен латын әліпбиіне көшу мәселесі қарастырылуда. Алфавит төңкерісі дегеніміз, жай ғана жазу түрінің өзгеруімен шектеулі болып қалудан тыс, бұл төңкерістің қоғамдық өмірде, мәдениет тарихында, ішкі-сыртқы саясатта маңызды орны, маңызды рөлі бар. Қазақстан Республикасында тәуелсіздіктен кейін, кирилл әліпбиінен латын әліпбиіне көшу мәселесі жиі жиі қозғалумен қатар, халық арасында көптеген пікірталастардың туындауына да себеп бола келді. Алайда, Елбасы өзінің 2012 жылғы 14 желтоқсандағы Қазақстан халқына жолдауында- латын әліпбиіне көшудің қажеттілігін атап өтті. Қазақстанның латын алфавитіне көшу мәселесін Түркиямен немесе басқа да Түркі тектес мемлекеттермен салыстыру дұрыс пікір болып саналмайды. Қазақстан бұл мәселені жан-жақты талқылауы қажет. Жаңа қазақ латын әліпбиінің ұзақ уақытқа, сәтті түрде қолданылуы үшін Қазақ елі аумағында өмір сүріп жатқан, сонымен қатар халықтың үлкен бір бөлігін құрайтын Орыс, Украин, Неміс, Татар, Өзбек, Беларус, Ұйғыр және Корейсттер қатарлы этникалық ерекшеліктерді, мемлекеттік сыртқы саясатты, геостратегиялық жағдайлар сыңлы мәселелерді алдын-ала ескеруі қажет.

Сонымен қатар әліпбиімен салт-дәстүр бір бірімен тікелей байланысты екі нәрсе болып табылады. Кирилл әліпбиінен қолдануды тоқтатумен бірге Орыс тілімен қатар қалыптасып келе жатқан кейбір мәдени элементтер де әлсіреуі мүмкін.

2. Тарихтан күнімізге Қазақ әліпбиі

Қазақ халқы бірнеше ғасырлар бойы яғни 1929 жылға дейін Араб әліпбиіне негізделген алфавит жүйесін қолданды. 1929 жылдан 1940 жылға дейін Латын әліпбиінің негізінде жасалған жазу үлгісі қолданылды. Латын алфавитінің қолданылуына не бары 10 жыл өте, әсіресе ІІ дүние жүзілік соғысы кезінде кирилл алфавитін қабылдау керектігі жайлы қызу пікірталастар басталды. (Ерөз 1969) Кеңес үкіметі территориясындағы басқа Түркі тектес ұлттар қатарлы Қазақ халқы да 1940 жылы кирилл алфавитін қабылдады. Сол кездегі Қазақ халқының алфавит мәселесін мына сөздерден түсінуге

болады. «Қазақ халқы өздерінің ертеден-ақ пайдаланып келе жатқан Араб жазуын 1929 жылы, Латын алфавитімен ауыстырды да, 1940 жылың 27- тамызынан кейін Орыс графикасына негізделген жаңа алфавит қабылдады. » (Қайдаров& Оразов 1985, 146-147) Сол күннен бері Қазақ халқы кирилл алфавитін қолданып келе жатыр. Кирилл алфавиті Қазақ халқының сауатын ашумен қатар, халық арасында Орыс тілін үйрену және қолдану деңгейі жоғарлады. Сонымен қатар Орыс тілінен Қазақ тіліне енген сөздердің саны да арта түсті.

3. Алфавит мәселесінің қайтадан қозғалуы

Қазіргі таңда Қазақстанда, алфавит мәселесі бойынша көптеген ой пікір, көзқарастар бар. Бұларды 4 топқа бөлсек болады.

I. Ескі түрік алфавиті немесе Ұйғыр алфавитін керектену қажет деп есептейтіндер. Бұл пікірді жүзеге асыру мүмкін емес және халық ішінде де қолдаушылары жоқ.

II. Араб алфавитіне қайта көшу пікірін қолдаушылар. Араб алфавиті Қазақ тілі үшін ойдағыдай әріп системасы болмады. Қазақстан Араб алфавитін қайта қабылдаған күннің өзінде, ол, басқа түркі тектес мемлекеттер және мұсылман мемлекеттермен өзара қарым-қатынастың өркендеуіне үлесін қоспайды. Сонымен қатар, Араб елдерінің өзі техника, технологиямен байланыс барысында латын әріптерін қолдануда. Сондықтан бұл пікірдің өзі Қазақстанның өркениеті мен келешегі үшін әлсіз бір пікір болып есептелінеді.

III. Кирилл алфавитін қолдануды жалғастыру керек деп есептейтіндер. Қазақ тілі үшін кирилл алфавиті бүгінге дейін қолданылған ең дұрыс алфавит болды. Қазақ халқы, Орыс алфавиті графикасына негізделген Қазақ кирилл алфавитін қолдану аясында, Қазақ халқында оқу-жазу деңгейі жоғарлап, халық ішінде Орыс тілін үйрену және қолданушылардың саны ұлғайды. Кирилл алфавитінің Қазақ халқына қосқан үлесі зор деп айтсақ қателескен болып есептелмейміз.

IV. Сонғы топ, Латын алфавитіне көшуді қолдаушылар. Қазақ халқы 10 жылдай уақыт да болса бұл алфавит системасын қолданды. (1929-1940) Түрік қауымдастықтарынан халқы, экономикасы және сыртқы саясаты дамыған Түркия, Әзербайжан, Өзбекстан, Түрікменстан, Балқан және Батыс Еуропа түрік қауымдастықтары латын әліпбиін қолдануда. Қазақ елінің Латын әліпбиін қабылдауы және оны пайдалануы, Қазақ халқының әлем халықтарымен және Түрік қауымдастықтарымен интеграциясын сонымен қатар қатынастарының күшеюіне зор үлес қосар еді.

4. Бүгінгі Қазақстан және оның Латын алфавитіне көшу мәселесі

Әр бір мемлекеттің өзіне тән ерекшеліктері мен проблемалары бар. Қазақ елі тарихи, әлеуметтік-мәдени және стратегиялық тұрғыдан басқа Түрік қауымдастықтарынан ерекшеленеді. Қазақ елі өз әліпбиін өзгерту кезеңінде экономикалық, этникалық, стратегиялық және тағы басқа жағдаяттар мен ерекшеліктерді назардан тыс қалдырмауы қажет.

а) Қазақстандықтар тәуелсіздік тұрғысынан Ресейден тәуелсіз болуды қаласа да, әлеуметтік-мәдени аспектілері тұрғысынан Ресеймен жақындасуды қолдайды. Ал алфавит бұл жақындасудың ең басты негізі болып табылады. Сондықтан Орыс және тағы басқа Славян тектес қазақстандықтар кирилл әліпбиінің қолданыла беруін қалайды. Сондай-ақ Месхеттік, Әзери, Ұйғыр, Түрік және тағы басқа тектес мұсылман қазақстандықтары арасында жаңа латын алфавиті мәселесінде Қазақтарды бір ауыздан қолдайтын пікір бірлігі жоқ болып отыр. Бұл мәселе төңірегінде Ресейдің де Қазақстанды қолдауы екі талай, себебі Ресей бұрынғы кенес үкіметін қайта құруды әр дайым армандайды.

б) Мәселенің экономикалық аспектісі де бар. Жаңа латын әліпбиіне көшу дегеніміз тек ғана мектептерде латын алфавитін үйренумен немесе үйретумен шектеулі емес. Білім алған адамдардың көпшілігі қазірдің өзінде-ақ латын әріп жүйесін оқып, танып, білуде. Бірақ барлық кітаптарды шыт жаңа латын алфавиті бойынша басып шығару, баспа, газет, журнал және басқа да жазбаша деректерді қарастырсақ, мәселенің экономикалық аспектісінің маңызы зор. Себебі бастауыш, орта, аға және жоғары оқу орындары оқулықтарының үлкен бір бөлігін мемлекет басып шығаруда және бұны білім ордаларына тегін беруде. Қазіргі күні Қазақстанда баспа және хабарлама саласында жеке сектор өте әлсіз. Әлемнің маңызды жер асты және жер үсті ресурстарына ие Қазақ елі бүгінде қажет барлық кітаптарды латын әріптермен жаңадан басып шығаруға немесе жаңа баспаханалар құруға, шынайы әріп төңкерісін көтермелейтіндей экономикалық күшке ие деп айту қиындау сияқты. Бұған қазіргі таңда жалпы Қазақ елінде сонымен қатар бүкіл әлемде болып жатқан «коронавирус» індетін және бұл індеттің тудырып отырған экономикалық дағдарысын да қоса еске ала кеткеніміз жөн болар.

с) Мәселенің саяси аспектісін қарастырар болсақ: Қазақстан жаңа латын әліпбиіне көшу кезеңінде жоғарыда аталған барлық аспектілерді еш кедергісіз және қиындықсыз орындаса да мәселенің саяси аспектісін назардан шығармауы керек. Себебі алфавиттің өзгеруі Қазақстанның ішкі

және сыртқы саясатында түбегейлі өзгерістердің енуіне себеп болумен қатар, мәдени және саяси тұрғыдан Ресейден алшақтап, Түрік әлемімен интеграциясымен бірлестігінің белгісі болар еді. Алайда, Қазақстан әрі ішіндегі славян тектес қазақстандықтарға, әрі Ресейге, әрі бұрынғы кенес одағы елдеріне әлеуметтік-мәдени, экономикалық және саяси тұрғыда мұқтаж.

5. Қазақстанның Латын алфавитіне көшуінде басқа мемлекеттердің рөлі.

Қазақстанды, жаңа әліпбиге көшу барысында экономикалық, әлеуметтік-мәдени және саяси тұрғыдан қолдайтын немесе алдын алатын негізгі елдерді атап өтсек; Иран, Америка, Қытай, Германия, Ресей және Түркия.

I. ИРАН: Тәуелсіздігінің алғашқы жылдарында Қазақстан да басқа Орталық Азия мемлекеттері қатарлы Иранмен экономикалық және мәдени байланыстар үшін бастамалар жасады. Бірақ арадан бір шама уақыт өтсе де Иран мен Қазақстанның қарым-қатынасын жоғары деңгейде деп айту мүмкін емес. Әсіресе өзара сауда қатынастары өте әлсіз. Иранның Қазақстанмен жасайтын сауда көлемі Ресей және Түрияден салғастыруға да келмейді. Сондай-ақ, Ресей-Иран қарым-қатынасы Бірінші дүниежүзілік соғыстан бері күшейе түсті және ары қарай жалғасуда. Бұл жағдайда, Иран Қазақстанның Латын алфавитіне көшу мәселесінде Ресеймен бетпе-бет келіп Қазақстанды қолдауы мүмкін емес.

II. Қытай: Өзінің халқы, дәу экономикасы және ішкі-сыртқы саястымен Орталық Азия үшін үлкен қауіп пен қатер екені сөзсіз (Өздаг 2000). Жақын болашақта Түрік әлемі, Қытайға қарсы тек Ресейдің ғана емес бүкіл Ислам әлемінің, тіпті Христиан әлемінің қолдауы мен ынтымақтастығын қажет етуі мүмкін. Қазақстан өзінің тәуелсіздігі үшін Қытаймен әр қашан жақсы қарым-қатынаста болуды және Ресейдің қолдауын қажет етеді. Қытай өз ішінде өмір сүріп жатқан Түрік тектес мұсылман халқына араб немесе латын алфавиті жүйесін ұсынды. Себебі кирилл алфавитінің Орталық Азия Түрік мемлекеттерімен тілдері және мәдени бірлігіне әкелуі мүмкін еді. Бұл жағдай, Қытайдың ішкі және сыртқы саясатына кері әсерін тигізері сөзсіз еді.

III. Германия: Еуропа елдері арасында Қазақстан және тағы басқа Орталық Азия мемлекеттерімен ең көп қарым-қатынастағы ел болып табылады. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы территориясында 179476 [3] -дан астам Неміс өмір сүруде (Қазақ халқының саны 1897-2018). Алайда, Германия Қазақстанға мәдени, экономикалық және тағы басқа бағытта қолдау көрсеткен емес.

IV. Ресей: Қазақстан үшін Ресей геостратегиялық тұрғыдан немғұрайлы қарайтын немесе елестермей қоятындай бір мемлекет емес. Себебі, экономикалық тұрғыдан Қазақстан Ресейге тәуелді және саудасының жартысына жуығы осы елмен болып отыр. Ресей, Қазақстанның Латын алфавитіне көшуін ешқашан қолдамайтыны баршамызға мәлім. Себебі, Ресей бұрынғы Ресей Империясын, Кеңес үкіметін қайта құруды армандайды. Қазіргі уақытта экономикалық және этникалық проблемалармен басы қатқан Ресей, Қазақстанның өз әліпбиін өзгертіп өзінен алшақтауына және де Қазақстан территориясында өмір сүріп жатқан Орыстардың Қазақ болуын, Қазақ тілін үйренуіне еш қашан жол бермейтіні анық.

V. Түркия: Қазақстанның тәуелсіздігін және латын әліпбиіне көшуін, өзінің сыртқы саясаты және зиялыларымен әу бастан қолдап келе жатқан Түркияның экономикасы Нидерландия немесе Бельгиянікіндей болса бұл мәселе әлде қайда жеңілрек болар еді. Қазақстан және тағы басқа түрік тектес мемлекеттердің латын әліпбиіне көшуі Түрік әлемінің барлық бағытта күшеюіне және нығаюына зор үлесін қосар еді.

VI. Батыс Еуропа елдері мен Америка Қазақстанның латын әліпбиіне көшуін ынталандырып қолдаса да, бұл елдерден экономикалық және тағы басқа бағытта көмек әзірге байқалмады.

Көріп отырғанымыздай, латын әліпбиіне көшу мәселесінде Қазақстанға сырттан көмек айтарлықтай жоқ. Алайда, Түркияның әріп төңкерісі кезеңінде Түрік мемлекетін Батыс елдерінің көбі қолдап, көмек көрсеткен еді.

6. Қорытынды

Көптеген Түрік әлемі елдері қатарлы Қазақ елі де сонғы 150 жылда өз әліпбиін 3-4 рет өзгертті. Айта кетуіміз керек, бұл жағдай Түрік халқы үшін мәдени, экономикалық және басқа жағынан үлкен шығын болды. Қазақстанда латын әліпбиінің қабылдануы және оның ұзын ғұмырлы болуы, осы мемлекеттің экономикалық, әлеуметтік-мәдени, ішкі және сыртқы саяси құрылымына тікелей байланысты. Сонымен қатар латын әліпбиіне көшу мәселесінің Қазақ елінде Қазақ тілінің қайта

жаңғыруына қосар үлесі көп деп есептеймін. Жанбырдан қашамыз деп жүріп бұршаққа тап болмас үшін, күнделікті өмірде Қазақ тілінің белсенді қолданылуы мен таралуына кері әсерін тигізетін факторларды алдын-ала қарастыру қажет. Мысалы:

- Ата заңның 7.2 бабындағы «Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады» [2] деген тармағын алып тастау,

- Қазақ тілінің барлық Қазақстан төңірегінде белсенді түрде қолданылуына ат салысу,

- Қазақ тілін білмейтіндердің үкіметтік органдарда жұмыс жасауына тиым салу, дегендей бір қатар жаңа заңдар қабылдау,

- Жаңа латын әліпбиімен бірге Қазақ тілін үйрететін мемлекеттік курстар ашу,

- Кирилл әріптермен жазылған белгілерді алып, орнына екі тілмен емес тек Қазақ латын әліпбиі бойынша белгілерді қою деген сияқты бір қатар іс шараларды мемлекет өз қолына алуы керек. Осылайша алдымен Қазақстандықтардың қазақша сөйлеу деңгейін жоғарлатқаннан кейін ғана латын әліпбиінің қолданылуы жеңіл әрі оңай болмақ. Әйтпегенде, латын әліпбиін қабылдануынан кейін де Орыс тілінің қолданылуы осылай жалғаса берсе, Қазақ тілі жаңа латын әріптерімен бірге Орыс тілінің көленкесі болып қала бермек.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Эрöz, М. (1969), «Шетелдегі түркі тілдеріндегі апат». Екінші тілдер конгресі, 1969 ж. 90- 94. Стамбул / Eröz, M. (1969), "Dis Türklerde Dil Fâciası". İkinci Dil Kongresi, 1969, s. 90-94. Istanbul
2. Қайдаров, Э. & Оразов, М. (1985), "Түркологияға Кіріспе" 146-147. Алматы.
3. Өздаг, М. (2000), "Түрік әлемі және Шығыс Түркістан геосаясаты". Стамбул./ Özdağ, M. (2000), Türk Dünyası ve Dogu Türkistan Jeopolitigi. Istanbul.
4. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000>
5. <https://informburo.kz/kaz/1897-2018-aza-halyny-sany-alay-zgerd-.html>
6. http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy
7. http://www.akorda.kz/kz/national_projects/kazakhstan-halky-assambleyasi
8. <https://e-history.kz/kz/contents/view/6807>

**УМКД 061.2(100)
МРНТИ 11.25.57**

Н.Б. Кәрімов¹, А.Т. Байтурбаева¹

магистрант 1-курса специальности «Международные отношения» Института Сорбонна-Казахстан при КазНПУ имени Абая г. Алматы, Казахстан

Научный руководитель: к.п.н., ст.преподаватель кафедры международных отношений КазНПУ им.Абая

О ДЕЯТЕЛЬНОСТИ КАЗАХСТАНА В КАЧЕСТВЕ НЕПОСТОЯННОГО ЧЛЕНА СОВЕТА БЕЗОПАСНОСТИ ООН 2017-2018 ГГ.

Аннотация

Данная статья посвящена деятельности Казахстана в Совете Безопасности ООН, в том числе в качестве непостоянного члена СБ ООН в период 2017-2018 гг.

Білім алушылардың авторитетті, сенімді жаулап алу педагогикалық өнердің қарым-қатынастағы сенімділік, іс-әрекеттегі шешім қабылдау және айқындық сияқты қағидаттарды ұстануды талап етеді. Педагогтың білім алушыларға деген сеніміндегі шешім қабылдай алмаушылығы, айқынсыздығы олардың санасында ұстазды нағыз адам ретінде қабылдау және оған сеніммен қараудың жоюылуына әсер етуі мүмкін. Шынайы және толық сенім арту тәуекелінсіз педагог өзінің тұлғасымен тәрбиеленушісінің тұлғасына әсер ете алмайды. Сонымен қатар, білім алушылардың оны ақтамайтын жағдайлары болуы мүмкін. Бірақ, сонымен қатар сенімділікті атқара алмаушылық қақтығыста да айтарлықтай педагогикалық жүктеме бар, себебі оқытушы мен қызметкерлер ұжымы, әдетте, болашақта сенімді ақтау үшін опасыздық пен сатқындықты айыптатып, білім алушыларды өзін-өзі сыйлауға бейімдейді. Дегенмен, білім алушылар қателіктер жасауға құқылы болса, оқытушы қарым-қатынаста саналы түрде адалдығын бұзған жағдайда, балалардың сенімін ақтау мүмкіншілігінен айырылады. Білім алушылар тарапынан мұғалімге сенім дағдарысы – бұл педагогикалық қарым-

қатынастардың қайтымсыз дағдарысқа ұшырауы, білім-тәрбие беру функцияларын жүзеге асыру қабілетінен айыратын сирек ерекшелік болып табылады.

Педагогикалық өнер, оқыту мен тәрбиелеудің тиімділігі оқытушылар мен білім алушылар арасындағы қарым-қатынаста іскерлік пен ұйымдастырушылық, тәртіп пен бастамашылдықты талап етеді. Іс-әрекеттердегі табыс психологиялық үйлесімділік, өз күшіне сенімділік, адамның адами және кәсіби қасиеттерін күшейтеді. Білім алушылар түйсікті сезім арқылы пайдалы бастамаларымен шаттыққа бөлейтін, оларды ұйымдастыра алатын, табысқа қол жеткізу үшін күресетін нағыз іскери, кәсіби педагогтарға тартылады. Нақты жұмыстарды орындау барысында тәртіп пен ұйымдастыру сәттілікке жетудің мүмкіншілігі екенін, сондай-ақ тұлғаның сапасы «нұсқау» орындаумен ғана шектелмей, өз бастамасымен одан да жақсарту керектігін білімгерлер тез түсіне бастайды [1].

Егер педагог білім алушыға деген қарым-қатынастарын оның өмірін жақсартуға шынайы қызығушылық, өмірді қызықты және қуанышты жасауға ұмтылыс негізінде, білім алушының өз ісіне сүйсінудің туындауын көздеген кезде қалыптастырса, шығармашыл тұлға ретінде тәрбиеленеді. Білім алушылар өмірде өз орнын тауып, өз әлеуетін көрсету және жүзеге асыру, қарым-қатынаста бағдарлау, әлем туралы білу үшін құштар болады. Сондықтан, олар дұрыс жолға қоя алатын, нақты көмек бере алатын қабілетті тұлғаға тартылады. Білім алушы адамдардан шынайы назар аударғанды, өзіне адам ретінде қарауды, оның мәселелеріне терең қызығушылықпен шынайы көңіл бөлгендерді бағалайды. Өз ісін шексіз сүйетін, шынайы адам тұлғасын қалыптастыру үшін мүдделі екеніне нық сенімді шебер-педагогтар білім алушыларды оп-оңай баурап алады. Педагогикалық өнер даналығы, міне, осы болып табылады. Бей-жай көндіруге, жалған талап етуге немесе болмасыз мадақтай беруге болмайды. Оқытушы білім алушы бойында өмірге деген құштарлықты оятып, шабыттандыра алуы керек, осы өмірге өзінің барлық эмоционалдық міндеттемесін байлауға тырысуы керек, содан кейін ғана ынталандыру, талап ету, жазалау, сендіру, көндіру сияқты барлық педагогикалық құралдарды пайдалану тиімділігі артуы мүмкін. Сендіру білім алушының ойлау қабілетін тазартады, талап ету өзін жеңуге көмектеседі, көтермелеу бастамашылдық және белсенділікті одан сайын арттырады, ал жазалау ұстамдылықты үйретеді.

Педагогтар мен білім алушылар арасындағы өзара іс-қимыл жиынтығы қамтитын қарым-қатынастардың жоғары этикалық және эстетикалық стилі мен түрі педагогикалық өнер қағидасы болып табылады. Стилі мен түр, өнер тілімен айтқанда, қарым-қатынастың өзіндік адамгершілік және эстетикалық түсі және дыбысы болып табылады. Кейде оқытушылар мен білім алушылар арасындағы қарым-қатынас тұнжырап кеткен түнекке ұқсап кетеді, осыған байланысты бүкіл өмір қара қара түске боялып, қараңғыланып кетеді. Осындай кезеңдерге ұжымдық маңызды мақсаттардың жоқтығы, босқа жүрушілік, бұрыш-бұрышта сыбырласушылық, оқытушылар тарапынан білім алушыларды жағымсыз адамгершілік-эстетикалық бағалауы, керісінше білім алушылардың оқытушылар туралы жағымсыз үкімдері тән. Жамандықтың тамыры – босқа жүріп, анық мақсаттар мен ұйымдастырушылықтың болмауында. Бірақ сондай-ақ, білім алушылардың ұжымдық өмірінде бәрі дұрыс сияқты көрінеді. Келеңсіз жағдайлар, жарқ еткен қоғамдық белсенділіктер байқалмайды. Әркім әдеттегідей өз ісімен айналысып жүре береді. Бұл кезде өмір сұр түске боялады. Егер оқытушылар ұжымында шынымен тірі адамдар, педагогикалық өнердің шеберлері бар болса, мұндай өмір шын мәнінде түрлі-түсті. Мұндай ұжымдарында мажорлық музыкалық үндер басым болады. Барлығы жұмысқа беріле кіріскен, борыш сезімі толық және жауапкершіліктері мол, мақсаткер және талапшыл, ұстанымшыл және мейірімді. Осыған байланысты кедергілер мен қиындықтарға қарамастан бәрі қуанышты. Ешкім ештеңеден қорықпайды. Әр адам бірден түйткілдерді шешуге болатынын, әділдіктің бар екенін, бастамашылдықта ұстамды болуды, өзімшіл даралықта жазалануды біледі. Мұндай ұжымда ашықтық және демократия, анықтық және сыншылдық, тыныштық пен сенімділік, айқындық және өзара қолдау басым болады.

Педагогикалық өнердің төртінші компонент оқытушының білім алушы мен білім алушылардың тобында қарым-қатынастың әлеуметтік сипаттамаларының білімдерін көздейді. Педагогикалық өнер үшін әлеуметтік шындық ұйымдасқан педагогикалық қызметтің бастапқы нүктесі болып табылады. Әлеуметтік әдістер тәрбиелеуші-шеберге ұйымдаспаған ұжымда қай білім алушының көшбасшы, конформист, нонконформист екенін анықтауға, кімді кім ұнататынын, ал кім жек көрінішті екенін анықтауға көмектеседі. Бірақ осы деректерге негізделген белсенділерді қалыптастыру, білім алушылармен қарым-қатынастың бәрін ұйымдастыру үлкен қателік болар еді. Яғни, бұл көшбасшыны тек көшбасшы ретінде ғана көру, оны осы рөлде ғана ұстау, конформисттер мен

нонконформисттерді қиын жағдайында қалдыру, достық көзайымын қолдау және антипатиямен күреспеу деген сөз.

Әлеуметтік сипаттамаларды табиға сипаттамалармен биологиялық алдын-ала берілген түрі ретінде қарастыруға болмайды, ол қауіпті болып табылады. Әлеуметтік бірлік – тек осы сәтте құрылған сурет, бірақ ол педагогикалық құралдар арқылы өзгеріске ұшырап кететінін ескеру керек.

Педагогикалық өнер оқытушыға әр білім алушының қарым-қатынасындағы стихиялық қалыптасқан хаосты жоюға, білім алушының бойында қоғамның көшбасшысы бастамасын оятуға, борышын орындауға, әділетсіздікке қарсылық, жолдастарына достық сезім ұялатуға көмектеседі. Әлеуметтік шындық оқытушыға мақсат, мүмкіншіліктерді нұсқамайды, ол тек қана ойлауға, талдауға және қорытынды жасауға бағыттауға қажетті объективті бейнесін ашады [2].

Өнертану саласынан хабардар болу, сахналық өнер, сөз өнері – педагогикалық өнердің бесінші құрамдас бөлігі болып табылады. Сахналық өнер ұсыныстарына сүйенетін жүріс-тұрыс, қозғалыс, жест, мимика, интонация білім алушылардың қабылдау психологиясын ескере отырып нақты және шын жүректен өмір шындығын тануға, өзін танытуға тиімді әсер етіп, білім алушыларды артынан ертіп әкетуге көмектеседі. Оқытушы техникалық әдістер, тәсілдер, шеберліктер көмегімен ашық қарым-қатынас дағдыларын және анық, нақты өмірлік қарым-қатынас құруды аша түседі. Өнертану әдеби, музыкалық, бейнелеу, экранды туындылардың нақты мәнін ашатын және адам психологиясын көрсететін, оны ынталандыру және мотивтеу мінез-құлқын көрсететін мұғалімнің ең маңызды адамтану туралы зерттеу оқулықтарының бірі болып табылады.

Оқытушы үшін көркемдік образ-характерлерді меңгеру кәсіби қажеттілік болып табылады. Өнер туындылары білім алушы мінезін абстрактілі-теориялық формулалардың негізінде емес, тікелей нақты тарихи, балалық шақтан ересек адамның әлемінде тірі образдар арқылы көрсетеді.

Кез келген мамандық оқытушы өнер және өнертану әлеміне тереңірек бойласа, ол педагогикалық өнерге, балалық шақты тануға, педагогикалық шеберлікке жақындай түседі.

Сахналық өнердің оқытушыға берері көп. Ол адамның шынайы қарым-қатынасын және психологиялық қалпын анық және сенімді көрсетеді. Педагогтың да міндеті сол: ғылыми шындықты, имандылықты, жоғарғы әділдікті, махаббат, сұлулық және өмірге деген өзінің адамгершілік және эстетикалық көзқарасын білдіруге ұмтылу. Осы мақсат үшін сахналық өнер тұрғысынан, мұғалімге өзін ұстауға үйрену керек, оның психикалық қалпын, эмоциялық және ұтымды игеруі мүмкіндігі болуы үшін тез жағдайда дамытып және өзгертуді, оларды игеруге, олардың қарым-қатынасы, шешімдер білдіруге және оларды бірізді қамтамасыз ету үшін [3].

Сөз өнері де сахналық өнердің бір бөлшегі ретінде педагог үшін өте маңызды болып табылады. Сөз – әсер етудің ең маңызды және қуатты құралы. Егер педагог беделді болғысы келсе, онда ол мәнерлі сөйлеуді меңгеруі тиіс. Білім алушы оқытушысы айтқанын «ести алуы» керек: талап етіп жатыр ма немесе сұрап жатыр ма, күліп жатыр ма әлде әзілдеп жатыр ма, жазалап жатыр ма немесе ескерту айтты ма, кеңес берді ме әлде тыйым салды ма, таңданды ма немесе мақұлдады ма, қуанды ма әлде мұңайды ма, ашуланды ма немесе наразы болды ма, азаптанды ма әлде ұялды ма, шақырды ма немесе ой салды ма. Оқытушының көптеген сезімдер мен реңктерді бере алуы білім алушының ашық және сезімтал жанына терең ұя салады. Осындай керемет құралды иеленген педагог сөз өнері арқылы білім алушылардың санасын оңай жаулай алады.

Қабілетті, тәжірибелі оқытушы материалды баяндаудың мазмұны мен түрін зейін қойып қадағалап, барлық оқушылардың зейінін назарда ұстап отырады, шаршау, зейін болмау, түсінбеу белгілерін реттеп отырады, тәртіп бұзушылықтың барлық жағдайларын ескереді, ең соңында, өзінің мінез-құлқын қадағалап отырады (мимика және пантомимиканы, жүріс-тұрысты).

Тәжірибесіз оқытушы кейде материалды баяндауға мән беріп, осы уақытта шәкірттерді ескермейді, оларды назардан тыс қалдырады.

Осындай педагогикалық өнер компоненттері игерілсе оқытушылар педагогикалық шеберлікке қол жеткізеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1. Как овладеть педагогическим мастерством: методические рекомендации / авт.-сост. Н.В. Кухарев. – Гомель: ГОСПО БССР, ГОИУУ, 1986. – 24 с.*
- 2. Палтышев, Н.Н. Постижение педагогического мастерства / Н.Н. Палтышев. – Москва: Изд.центр АПО, 2002. – 64 с.*
- 3. Пуйман, С. А. Путь к мастерству / С.А.Пуйман. – Минск: ИВЦ Минфина, 2006. – 72 с.*

УДК 378.02:37.016
МРНТИ 14.35.09.

Фатес Халид¹, Төкен М.Б.¹

¹магистр, СҚИ шақыртылған оқытушы (Франция)

*¹аға оқытушы, Абай атындағы ҚазҰПУ, Сорбонна-Қазақстан Институты
Алматы қ., Қазақстан*

«ҚҰҚЫҚ», «ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ», «ЕВРОПАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ», МАМАНДЫҚТАРЫ БОЙЫНША КӘСІБИ БАҒЫТТАЛҒАН ФРАНЦУЗ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ ӘДІСТЕР МЕН ЖАТТЫҒУЛАР

Аңдатпа

Мақалада "Шетел тілін кәсіби бағытта оқыту", "Шетел тілі бойынша кәсіби құзіреттілік", «Кәсіптік оқыту әдістемесі (мамандануы бойынша)», «Шеттілдік білім беруде студенттердің бейіндік оқытуды ұйымдастыру», «Кәсіби француз тілін оқыту әдістемесі» әдістемелік ұғымдарының әдіснамасы қарастырылады. Француз тілін болашақ заңгер студенттерге кәсіби бағдарланған оқыту принциптерін жүзеге асыра оқыту мақсатында және оқу іс-әрекеттерін жүйелі түрде оқытуда кейбір әдістер мен жаттығулар ұсынылады. Кәсіби білімді біріздендіру үшін лингвистикалық, әлеуметтік-мәдени, коммуникативті және кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастыру мен дамытуда практикалық тілдік дағдыларды меңгерудің дидактикалық жодары ұсынылады.

Түйін сөздер: кәсіптік бағдарланған оқыту, кәсіби француз тілі, заңгерлер, заң терминологиясы, түпнұсқалық материалдар, құқықтық құжаттардың аудармасы, тілдік жаттығулар, сөйлеу жаттығулары.

Фатес Халид¹, Токен М.Б.¹

¹магистр, приглашенный преподаватель ИСК (Франция)

*¹старший преп Института Сорбонна-Казахстан при им. Абая
г. Алматы, Казахстан*

НЕКОТОРЫЕ МЕТОДЫ И УПРАЖНЕНИЯ ДЛЯ ОБУЧЕНИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНОМУ ФРАНЦУЗСКОМУ ЯЗЫКУ В РАМКАХ СПЕЦИАЛЬНОСТЕЙ «ПРАВО», «МЕЖДУНАРОДНОЕ ПРАВО», «ЕВРОПЕЙСКОЕ ПРАВО»

Аннотация

В статье рассматриваются методические термины «Методика профессионального обучения (по специальности)», «Профессиональное обучение иностранному языку», «Профессиональная компетенция на иностранном языке», «Организация профессиональной подготовки студентов иноязычного образования», «Методика обучения профессиональному французскому языку» с методологической точки зрения. Для реализации принципов профессионально ориентированного обучения французскому языку и систематической организации учебной деятельности у будущих студентов-юристов предлагаются некоторые методы и упражнения. Рассматриваются дидактические подходы для приобретению практических языковых и речевых навыков для формирования и развития языковых, социокультурных, коммуникативных и профессиональных компетенций в целях последовательной организации профессионального обучения.

Ключевые слова: профессионально-ориентированное обучение, французский язык, студенты-юристы, юридическая терминология, аутентичные материалы, перевод юридических документов, языковые упражнения, речевые упражнения.

Khalid Fates¹, M.B. Token¹

¹master in Education, visiting lecturer by Institute Sorbonne-Kazakhstan

¹senior teacher of the Institute of Sorbonne-Kazakhstan at KazNPU named after Abay
Almaty, Kazakhstan

SOME METHODS AND EXERCISES FOR TEACHING A PROFESSIONAL FRENCH LANGUAGE WITHIN THE SPECIALTIES “LAW”, “INTERNATIONAL LAW” AND “EUROPEAN LAW”

Abstract

The article deals with some methodological terms such as "Specialty Training Methodology", "Specialty Training within a Foreign Language", "Professional Competence in a Foreign Language", "Organization of Students Professional Training of Foreign Language Education", "Professional Training Methodology for French Language" from a methodological point of view. Some methods and exercises are offered for the implementation of the principles of professionally oriented teaching the French language and the systematic organization of educational activities of future law students. Attention is paid to the didactic approaches for acquiring practical linguistic and speech skills to form and develop linguistic, sociocultural, communicative and professional competencies with a view to the consistent organization of students professional training.

Keywords: professionally oriented training, French, law students, legal terminology, authentic materials, translation of legal documents, language exercises, speech exercises.

Қазақстандық жоғары оқу орындарының жоғарғы деңгейлі әлемдік университеттер мен білім берудің халықаралық стандарттарға сәйкес көпсатылы құрылымына жәймен ауысуы шетел тілдерін оқыту әдістемесіне жаңа міндеттерді қойды. Сол міндеттердің бірі - кәсіби бағытталған шетел тілін оқыту. «Кәсіби бағытталған шетел тілі», «Кәсіби шетел тілі», «Кәсіптік оқыту әдістемесі (мамандануы бойынша)», «Студенттердің бейіндік оқытуын ұйымдастыру» әдістемелік тақырыпшалар шеттілдік білім беруде өзекті-ақ.

Кәсіби бағытталған шетел тілдерін оқыту 1960 жылдардан ғылыми пән ретінде бастау алды. Франция дидакттары Жан Марк Манжиант, Флоранс Мурлон Дали, Ресей әдіскерлері Виноградов В.С., Гальскова Н.Д., Гез Н.И., Зимняя И.А., Караулов Ю.Н., Китайгородская М.В., Леонтьев А.А., Мартынов С.Д., Пассов Е.И., Слостенин В.А., Тер-Минасова С.Г., Халеева И.И., Уткин Э.А еңбектерінде қарастырылды. Кәсіби оқытудың негізгі мақсаты - еңбек қызметін тиімді жүзеге асыратын «әмбебап маман тұлғасын» қалыптастыру. Басқаша айтқанда, ол білім мен дағдылардың жиынтығын, оның ішінде оқытылатын шетел тіліндегі коммуникативті құзыреттілікті ғана емес, сонымен қатар кез-келген кәсіптік бағдарланған оқытудың әлеуметтік аспектісін күшейтетін және маңызды ететін кәсіби маңызды тұлғалық қасиеттерді қалыптастыруды қамтамасыз етуі керек. [1]

Отандық әдіскерлер де шетел тілдерін мамандық тілі, кәсіби шетел тілі ретінде меңгеру үшін шеттілдік қатысымға икемділік іскерлігі сөз әрекет түрлері шеңберінде былай іске асуы қажет деп көрсетеді.

1. *Оқу барысында:* кәсіби мамандыққа байланысты тілдік материалда құрастырылған мәтінді түсіну. Мәтінді тез қарап шығу барысында маңызды ақпаратты аңғара білу. Контекст бойынша және сөздің құрылысына қарай таныс емес сөздердің аудармасын бағамдай алу. Нақты ақпаратты таба білу, сонымен бірге анықтамалық сөздер мен сөз тіркестерін аңғара алу.

2. *Тыңдап түсіну барысында:* Мамандығына байланысты кәсіби мәтіндерді, дәрістер мен ой-пікірлерді, баяндамалар мен қысқа түсініктемелерді тыңдай отырып, түсіне білу.

3. *Коммуникацияның ауызша формалары саласында:*

(*монолог барысында*): Кәсіби мамандыққа байланысты алынған тақырыптық мәтіндерге, тақырыптарға барлық талаптарды сақтай отырып, баяндама жасай алу, әрі өз ойын ашық жеткізу. Жалпы мамандық бойынша мәселелерге анық, дәл ақпарат бере алу.

(*диалог барысында*): кәсіби мамандық бойынша берілетін тақырыптарға орай өз ойын ашық жеткізетіндей дәрежеде әңгіме-дүкен құра алу. Грамматикалық қателер жіберместен әр түрлі тақырыптарға өз ойын ашық жеткізе отырып, ашық әңгіме құра алу.

4. *Жазбаша коммуникация барысында:* кәсіби тақырып бойынша баяндама немесе эссе жаза білу, өз ойын ашық жеткізе отырып өз көзқарасын білдіру, мәселені шешу үшін өз көмегін ұсына алу. [2]

Ресейлік әдіскер Толстикова С.А. болашақ құқық мамандарына кәсіби француз тілін оқытуды практикалық негіздеп, ұсынған оқулығында кәсіби білім берудің міндеттері ретінде:

- Сөздік қорды жаңа кәсіби терминдермен толықтыру
- Зандық құжаттар мен құқық салалары бойынша мәтіндерді оқу және түсіну білу
- Кәсіби бағытталған сөйлеуді (француз тілінде) түсіне білу
- Зандық тұрғыда қойылған сұраққа айғақтар келтіре отырып жауап бере алу
- Франция мемлекетінің құқықтық құрылымдары мен институттарын тани білу
- Франция және Ресей мемлекеттерінің құқықтық құрылымдарының ерекшеліктерін нақты ажырата білу деп көрсетті. [3]

Тіл маманы Сейдуллаева Г.А. өз мақаласында «Құқықтық тіл - бұл құқықтың концептуалды мазмұнын ашу мен ұсынылу жолдарының грамматикалық, логикалық және басқа әдістерінің жиынтығы. Ол кез-келген бір кәсіби тіл сияқты, құқықтық жұмысты басқа қызмет түрлерінен ерекшелейтін және тек кәсіби құқықтық тілге ғана тән ерекшеліктерге ие», -деп көрсетті. [4] Осы айтылған пікірді практикалық деңгейде айғақтау үшін, мақаламызда кәсіби шетел тілін оқытуда қолданыстағы шетел, ресейлік оқулықтар мен әдістемелік қосымшаларда ұсынылған бірқатар әдістер мен жаттығулар спецификасын, олардың ерекшеліктерін айшықтау қажеттілігі туындады.

Заң саласындағы сөздік қорының басым бөлігін интернационалды терминдер құрайды. Мысалы: *le Président, le Parlement, le Sénat, l'avocat, le maire, le Ministre de la justice, le juriste, la police, le Procureur, la Constitution, le référendum, la politique, le préambule, la religion, le phénomène, la sanction, la race, la doctrine, le règlement, la hiérarchie, l'individu, l'ensemble, l'Assemblée générale, le Congrès, la session, le principe, la Nation, international, juridique, physique, moral.* Аталмыш терминдерді кәсіби шетел тілі аясында аудармасыз, аялық білімге сүйену әдісі арқылы меңгеру аса қиыншылық тудырмайды, керісінше сөздік қорды ұлғайтуда үлес салмағы зор.

Кәсіби шетел тілінің терминологиялық тұрғыда терең меңгеруде орыс тілін «аралық тіл» әдісі ретінде қолдану да керек. Яғни терминдерді орыс тілінен француз тіліне аударып, сөздік қорды дамыту әдісі де шеттілдік білім беруде қолданыста. Мысалы: *акты гражданского состояния – les actes de l'état civil; апелляция – l'appel; государственный арбитраж – l'arbitrage d'État; арест – l'arrestation; государственная власть – le pouvoir d'Etat; законодательная власть – le pouvoir législatif; исполнительная власть – le pouvoir exécutif; подать жалобу – déposer une plainte; заключенный – un prisonnier; свод законов – le code; гражданский иск – l'action civile; высшая мера наказания – la peine capitale; обвинительный приговор – le verdict de culpabilité; подсудимый – un inculpé, un accusé; помилование – la rémission, la grace; международное право – le droit international; уголовное право – le droit criminel; правосудие – la justice; презумпция невиновности – la présomption d'innocence; состав преступления – le corps du délit; оправдательный приговор – l'acquittement; смертный приговор – un arrêt de mort; привести приговор в исполнение – exécuter un arrêt; смертная казнь – la peine de mort; суд (государственный орган) – le tribunal, la cour; суд присяжных – la cour d'assises; тюремное заключение – l'emprisonnement, la détention; убийство – un assassinat, un meurtre, un homicide; произвести экспертизу – expertiser, faire l'expertise; юриспруденция – la jurisprudence; юрист – le juriste, le légiste; юстиция – la justice және т.б. [5]*

Кәсіби бағытталған француз тілі пәні бойынша тілдік материалдарды меңгеруге арналған жаттығулар келсек, олардың қатарына әр түрлі оқу дағдыларын жетілдіру (таныстыру, оқу, зерттеу және іздеу), мәтінді құрылымдау (жоспар құру, тақырыптар мен субпозициялар қалыптастыру), әр түрлі құқықтық құжаттармен, заң немесе бап мәтіндерін талдау, мақалалар, кестелермен жұмыс, сөйлеу, сұрақ-жауап, аудармамен жұмыс, ізденістік, салыстыру/салғастыру жаттығулары бар. Шетел тілін оқыту аясындағы әдіскер әрі филолог И.В. Рахманов сөйлеу тілін дамытуға арналған жаттығулар жүйесін:

1. *тілдік материалдарды меңгеруге арналған жаттығулар*
2. *сөйлеу тілін дамытуға арналған жаттығуларға*

жіктегені белгілі. Яғни, тілдік және сөйлеу, рецептивтік және репродуктивтік жаттығулар. [6]

Алдымен, тақырыптардың лексикасы мен мазмұнын бекіту үшін тілдің жаттығуларға тоқталамыз, олар қазақ, орыс және басқа да кез келген шетел тілін меңгеруде қолданыста. Француз тіліндегі кәсіби бағытталған оқулықтарда: *Faire correspondre chaque terme à sa définition* - әр терминнің сәйкес анықтамасын тап, *comparer les documents en suivant la fiche pratique*- практикалық кестеге сүйене отырып, құжаттарды салыстыру, *faire la traduction bilatérale*-көп тілді аударма жасау,

relier les deux colonnes - екі бағандағы сөздерді мағыналық жағынан сәйкестендіру, traduire du français en kazakh/ russe- француз тілінен қазақ/орыс тілдеріне аудару, mettre en relief les groupes de mots берілген сөз тіркестерін т.б.төмендегідей тілдік жаттығулар қолданыста.

Мысалы: a) Reliez les mots et leurs traductions/Берілген сөздердің аудармасымен сәйкестендір :

1) titulaire (m)	a) мінез құлық
2) devoir (m)	b) құқық күзіреті
3) sanction (f)	c) туыстық байланыстар
4) contrainte (f)	d) санкция
5) filiation (f)	e) міндет;
6) prérogative (f)	f) иегер;
7) conduite (f)	g) мәжбүрлеу, мәжбүрлік.

ә) Dites, si les droits ci-dessous sont objectifs (ensemble des règles générales)

ou subjectifs (prérogative d'une personne qui est titulaire de droit) /Төмендегі құқықтарды объективті (жалпы ережелер жиынтығы) немесе субъективті (құқық иеленуші тұлғаның күзіреті) құқық түріне бөліңіз:

le droit public est un droit les droits civils sont
le droit français est les droits réels
le droit international les droits politiques
le droit de propriété les droits des femmes
le droit de créance le droit d'hypothèque

б) «Règle» лексемасы француз тілінде көп мағыналы. Кәсіби шетел тілінде төмендегі жаттығуда ереже, мінез құлық тәртібі, норма, жарғы, заңдылық, заңмен реттелетін құқық нормасы.

Lisez les définitions de différents types de règles et devinez de quelle règle il s'agit.

la règle impérative — la règle écrite — la règle de droit pénal — la règle uniforme — la règle positive — la règle de droit privé — la règle de conduite

- 1) La règle qui s'applique et nul ne peut y déroger est.....
- 2) La règle qui régit les rapports entre les personnes privées est.....
- 3) La règle qui est fixée par une loi est.....
- 4) La règle qui prescrit la manière du comportement est.....
- 5) La règle qui est sanctionnée par le Code pénal est.....
- 6) La règle qui est tenue d'unifier le droit dans plusieurs États est.....
- 7) La règle qui reflète le droit en vigueur est.....

Кәсіби шетел тілінде сөйлеу дағдыларын (речевые упражнения) қалыптастыру үшін оқытудың белсенді әдістері, жұмыстың интерактивті формалары, мысалы: іскерлік рөлдік ойындар, жағдаяттарды талдау, кейстермен жұмыс, конференциядағы хабарлама, дөңгелек үстел, кәсіби тақырыптар бойынша әңгіме және мамандардың пікірлерін дәлелдеу, зерттелген тақырыптарды қолдана отырып қарау.

Мысалы: Jeu de rôle

Chaque apprenant piochera un des papiers préalablement découpé et mimera la situation. Les autres devront décrire la situation et dire quelle juridiction est compétente dans la situation mimée.

Exemples de situations à mimer:

- Rouler trop vite
- Ne pas être payé par son employeur
- Se marier
- Naissance d'un enfant
- Frapper quelqu'un
- Casser les vitres de la mairie Tuer quelqu'un

Қорытындылай келе, қай шетел тілі болмасын ЖОО оқытушыларының міндеті «Кәсіби бағытталған шетел тілі» пәнін оқыту кезінде пәнге байланысты тақырыпты дұрыс таңдау, кәсіби бағыттағы мәтіндерді, тілдік және сөйлеу жаттығуларын, мәселелік жағдаяттарды мүмкіндігінше әдістемелік дұрыс қолдану қажет. Кәсіби және коммуникативті құзіреттілікті дамытушы кәсіптік бағытталған оқыту технологиялары бірізділікпен қолдану жаңа буын заңгерлерін дайындауда, жалпылай айтқанда, қоғамның құқықтық білім жүйесіндегі сапалы өзгерістерге әкеледі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Лаврененко М.М. Профессионально-ориентированное обучение английскому языку студентов младших курсов юридических факультетов <https://dlib.rsl.ru/viewer/01003245147#?page=5> (қаралым күні 03.06.2020) –интернет желісінен алынды

2. Джантасова Д.Д., Свич Н.А. «Кәсіби бағытталған шетел тілі» пәнінен студентке арналған оқыту бағдарламасы (Syllabus) Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті. (қаралым күні 03.06.2020) –интернет желісінен алынды

http://lib.kstu.kz/syllabus/Силлабусы%20кафедры%20РуИЯ/Силлабусы/2013/Силлабусы_ПОИЯ_2013/ПО/KBShT%203218%20Кәсіби%20бағытталған%20шетел%20тілі.pdf

3. Толстикова С.А. Французский язык для юристов. Учебник для бакалавров. Министерство образования и науки Российской Федерации. Московский государственный юридический университет имени О.Е. Кутафина. Москва, 2015. - кітап

4. Сейдуллаева Г.А., Мендулла Д. Халықаралық құқықтағы заң терминологиясы. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті ХАБАРШЫ «Халықаралық өмір және саясат» сериясы №1-2(56-57), 2019 http://sp.kaznpu.kz/docs/jurnal_file/file20190610124616.pdf (қаралым күні 04.06.2020) -интернет желісінен алынды

5. Сидакова Н.В. Дидактические основы профессионально-ориентированного обучения французскому языку студентов юридического профиля. <https://cyberleninka.ru/article/n/didakticheskie-osnovy-professionalno-orientirovannogo-obucheniya-frantsuzskomu-yazyku-studentov-yuridicheskogo-profilya> (қаралым күні 03.06.2020) –интернет желісінен алынды

6. Рахманов И.В. Обучение устной речи на иностранном языке (қаралым күні 03.06.2020) – интернет желісінен алынды

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

Абрешева С.М. Абай атындағы ҚазҰПУ, Сорбонна-Қазақстан Институтының, халықаралық құқық кафедрасының аға оқытушысы

Айбергенов Р.Б. Абай атындағы ҚазҰПУ, Сорбонна-Қазақстан Институтының «Халықаралық құқық» мамандығының 1-курс магистранты

Айтказин А. Халықаралық қатынастар» мамандығының 2 курс студенті, Институт Сорбонна-Қазақстан

Әлімжанова Д.А. Абай атындағы ҚазҰПУ Сорбонна-Қазақстан институтының Халықаралық қатынастар мамандығының 2 курс магистранты, Алматы қаласы, Қазақстан

Арзикулова Р.Қ Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті, экономика кафедрасы, Алматы қ., Қазақстан

Ахмедова А.Е. Абай атындағы ҚазҰПУ, Сорбонна-Қазақстан институтының халықаралық құқық кафедрасының 4-курс студенті

Байтурбаева А.Т. Абай атындағы ҚазҰПУ, Сорбонна - Қазақстан институты, халықаралық қатынастар кафедрасының аға оқытушы, с.ғ.к

Бекмолданова А.С. Абай атындағы ҚазҰПУ, Сорбонна-Қазақстан институты, халықаралық қатынастар кафедрасының 2 курс магистранты

Битлеуов А.А Абай атындағы Қаз ҰПУ, Сорбонна-Қазақстан институтының 2 курс

Болат Ж. Абай атындағы ҚазҰПУ, Сорбонна-Қазақстан институтының Халықаралық Құқық кафедрасының магистранті

Даузе С. Б. Абай атындағы ҚазҰПУ, Сорбонна-Қазақстан институты, халықаралық қатынастар кафедрасының 2 курс магистранты

Дузбаев Т. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Сорбонна-Қазақстан институтының халықаралық құқық кафедрасының екінші курс студенті

Досыбай Нұржанпар Абай атындағы ҚазҰПУ, Сорбонна-Қазақстан Институтының «Халықаралық құқық» мамандығының 1 курс магистранты

Исламова А.Т. халықаралық қатынастар кафедрасының оқытушысы Институт-Сорбонна Қазақстан

Е. Н. Ермуканов ғылыми жетекшісі: Абай атындағы ҚазҰПУ, Сорбонна-Қазақстан институты, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент

Жамансарин Н.Ш. Абай атындағы ҚазҰПУ, Сорбонна-Қазақстан институты, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, Алматы қ., Қазақстан

Жумаш Г.Т. Халықаралық құқық кафедрасының оқытушысы, Сорбонна-Қазақстан Институты, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

Исағалиев К.И Абай атындағы Қазақ ұлттық университеті, Сорбонна-Қазақстан институтының халықаралық құқық кафедрасының профессоры, Алматы, Қазақстан Республикасы

Каирғалиева А.Е. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ 2 курс магистранты

Кәрімов Н.Б. Абай атындағы ҚазҰПУ Сорбонна-Қазақстан институтының Халықаралық қатынастар мамандығының 1 курс магистранты

Кулгасов Б.К. Абай атындағы ҚазҰПУ, Сорбонна-Қазақстан институтының 1-курс магистранты Алматы қ., Қазақстан

Қожагелді Д.Е. Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті, 1 курс магистранты, экономика факультеті, Алматы қ., Қазақстан

Латай Жанерке Магистрант: Абай атындағы ҚазҰПУ, Сорбонна-Қазақстан Институты, Халықаралық қатынастар кафедрасы, 7М03101-«Халықаралық қатынастар» мамандығының 1-курс магистранты, Алматы қ. Қазақстан latai.janerke@gmail.com

Лебуланже А. Сорбонна-Қазақстан институтының халықаралық құқық кафедрасының екінші курс студенті, Абай атындағы ҚазҰПУ

Мардан Н. Сорбонна-Қазақстан институтының халықаралық құқық кафедрасының екінші курс студенті, Абай атындағы ҚазҰПУ

Маденова Замира Абай атындағы ҚазҰПУ, Сорбонна-Қазақстан институтының Халықаралық құқық мамандағының 2-курс магистранты

Матақбаева Л.Х. Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті, саяси ғылымдарының докторы, халықаралық қатынастар кафедрасының профессоры, Алматы қ., Қазақстан

Меңілбаев Ғ.А. Абай атындағы ҚазҰПУ, Сорбонна-Қазақстан институты, халықаралық қатынастар кафедрасы, т.ғ.к., доцент, тарих және қоғамдық ғылымдар академиясының академигі, Алматы қ., Қазақстан

Мендулла Д.А. Абай атындағы ҚазҰПУ, Сорбонна-Қазақстан институтының 1 курс магистранты

Мирманова А.К. Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті, Сорбонна-Қазақстан институтының 1-курс магистранты

Мен Д.В. аль-Фараби атындағы ҚазҰУ-ның саясаттану ғылымдарының докторы, профессор Алматы қ., Қазақстан

Нурмашова Ф. А. «Халықаралық қатынастар» мамандығының 2 курс студенті, Институт Сорбонна-Казakhstan, КазНПУ им.Абая

Ордабаева А.Б. Абай атындағы Қазақ ұлттық университеті, Сорбонна-Қазақстан институтының халықаралық құқық кафедрасының меңгерушісі, Алматы, Қазақстан Республикасы

Пак Т.Н. КазНУ им. аль-Фараби университетінің аға оқытушысы, Алматы қ., Қазақстан

Рыстина Индира Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Саясаттану кафедрасының меңгерушісі, PhD, доцент, Нурсұлтан қ., Қазақстан

Сабитова А.А. Ғылыми жетекшісі: заң ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы ҚазҰПУ, Сорбонна-Қазақстан институтының директоры

Сабитова Ш.А. Ғылыми жетекшісі: филология ғылымдарының докторы, Абай атындағы ҚазҰПУ, Сорбонна-Қазақстан институтының Халықаралық құқық кафедрасының профессоры

Сәкен Есіркеп Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Саясаттану кафедрасының PhD докторанты, Нурсұлтан қ., Қазақстан

Сембинов М.К. т.ғ.к., Сорбонна-Қазақстан Институтының халықаралық қатынастар кафедрасының профессоры

Төкен М.Б. аға оқытушы, Абай атындағы ҚазҰПУ, Сорбонна-Қазақстан Институты Алматы қ., Қазақстан

Фатес Халид магистр, СҚИ шақырылған оқытушы (Франция)

Чумаченко Т.Н. политика ғылымының кандидаты, Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті, Сорбонна-Қазақстан институтының аға оқытушысы, Алматы қ., Қазақстан

Хусаинов О.Б. з.ғ.к., Сорбонна-Қазақстан институтының халықаралық құқық кафедрасының доценті, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ., Қазақстан

Хамитова Н.Е. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Қиыр Шығыс кафедрасының 2 курс магистранты

Шалқарова И.А. Заң ғылымдарының кандидаты, Сорбонна-Қазақстан институты, Халықаралық құқық кафедрасының профессоры (доцент), Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Шонай А.А. Халықаралық құқық кафедрасының оқытушысы, Сорбонна-Қазақстан Институты, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

Шолтай С.Ш. Абай атындағы ҚазҰПУ, Сорбонна-Қазақстан институтының тәрбие ісі жөніндегі директордың орынбасары

Эмис Д.Д. Абай атындағы ҚазҰПУ, Сорбонна-Қазақстан институты, халықаралық қатынастар кафедрасының 2 курс магистранты

СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ

Абрешева С.М. старший преподаватель Института Сорбонна-Казахстан КазНПУ им.Абая
Айбергенов Р.Б. магистрант 1-курса специальности «Международное право»

Института Сорбонна-Казахстан, КазНПУ им. Абая

Айтказин А. магистрант 2 курса, специальности «Международных отношений» , Институт Сорбонна-Казахстан

Әлімжанова Д.А. магистрант 2-курса специальности «Международные отношения» Института Сорбонна-Казахстан при КазНПУ имени Абая

Арзикулова Р.Қ Казахский Национальный Педагогический Университет имени Абая , преподаватель кафедры экономики, г.Алматы, Казахстан

Ахмедова А.Е. студентка 4 курса специальности «Международное право»

Института Сорбонна-Казахстан КазНПУ им. Абая

Байтурбаева А.Т. Научный руководитель: к.п.н., ст.преподаватель кафедры международных отношений КазНПУ им.Абая

Бекмолданова А.С. магистрант 2 курса кафедры международных отношений Института Сорбонна-Казахстан при КазНПУ им. Абая

Битлеуов А.А магистрант 2 курса, Института Сорбонна-Казахстан при КазНПУ им. Абая

Болат Ж. магистрант кафедры международного права Институт Сорбонны-Казахстан КазНПУ имени Абая

Даузе С. Б. магистрант 2 курса, специальности «Международных отношений»

Дузбаев Т. Студент второго курса кафедры Международного права Института Сорбонна-Казахстан, Казахского национально-педагогического университета им. Абая

Досыбай Нұржаппар Магистрант 1 курса факультета международного права

Институт Сорбонна-Казахстан, КазНПУ им.Абая

Исламова А.Т. преподаватель кафедры международных отношений, Институт Сорбонна-Казахстан

Е.Н. Ермуканов научный руководитель: кандидат исторических наук, доцент Института Сорбонна-Казахстан при КазНПУ имени Абая

Жамансарин Н.Ш. Научный руководитель: к.и.н., доцент, заведующий кафедрой международных отношений Института Сорбонна-Казахстан при КазНПУ им. Абая

Жумаш Г.Т. Преподаватель кафедра международного права института Сорбонна-Казахстан, Казахского Национального университета им. Абая

Исагалиев К.И Профессор кафедры Международного права Института Сорбонна-Казахстан, Казахского Национального университета им. Абая, г.Алматы, Республика Казахстан

Каиргалиева А.Е. магистрант 2 курса КазНУ им. Аль-Фараби

Кәрімов Н.Б. магистрант 1-курса специальности «Международные отношения» Института Сорбонна-Казахстан при КазНПУ имени Абая, г. Алматы, Казахстан

Култасов Б.К. магистрант 1-курса Института Сорбонна-Казахстан при КазНПУ имени Абая

г.Алматы, Казахстан

Қожагелді Д.Е. Казахский Национальный Педагогический Университет имени Абая, г.Алматы, Казахстан

Латай Жанерке магистрантка 1 курса факультета международных отношений, Институт Сорбонна-Казахстан при КазНПУ им.Абая,г.Алматы,Казахстан latai.janerke@gmail.com

Лебуланже А. Студент второго курса кафедры Международного права Института Сорбонна-Казахстан, Казахского национально-педагогического университета им. Абая

Мардан Н. Студент второго курса кафедры Международного права Института Сорбонна-Казахстан, Казахского национально-педагогического университета им. Абая

Маденова Замира Магистрант 2- курса, специальность «Международное право», Институт Сорбонна – Казахстан при КазНПУ им.Абая

Матакбаева Л.Х. д.полит.н., профессор кафедры международных отношений КазНПУ имени Абая, г.Алматы, Казахстан

Меңілбаев Ғ.А. научный руководитель: кандидат исторических наук, старший преподаватель кафедры международных отношений Института Сорбонны-Казахстан при КазНПУ им.Абая

г.Алматы, Казахстан kai_1960@mail.ru

- Мендулла Д.А** магистрант 1 курса Института Сорбонна-Казахстан при КазНПУ им. Абая
- Мирманова А.К.** магистрант 1-курса международных отношений Института Сорбонна-Казахстан при КазНПУ имени Абая
- Мен Д.В.** д. полит. наук, профессор КазНУ им. аль-Фараби, г.Алматы, Казахстан
- Нурмашова Ф. А** магистрант 2 курса, специальности «Международных отношений», Институт Сорбонна-Казахстан
- Ордабаева А.Б.** Заведующая кафедрой Международного права Института Сорбонна-Казахстан, Казахского Национального университета им. Абая г.Алматы, Республика Казахстан
- Пак Т.Н.** старший преподаватель КазНУ им. аль-Фараби университет, Алматы қ, Қазақстан
- Рыстина Индира** заведующая кафедрой политических наук ЕНУ им.Л.Н.Гумилева , PhD, доцент г.Нур-Султан, Казахстан
- Сабитова А.А.** Научный руководитель: доктор юридических наук, профессор, директор Института Сорбонна-Казахстан КазНПУ им. Абая;
- Сабитова Ш.А.** Научный руководитель: д.ф.н., профессор кафедры Международного права Института Сорбонна-Казахстан КазНПУ им. Абая
- Сәкен Есіркеп** PhD докторант полит.наук ЕНУ им. Л.Н. Гумилева г.Нур-Султан, Казахстан
- Сембинов М.К.** к.и.н., профессор кафедры международных отношений Института Сорбонна-Казахстан
- Төкен М.Б.** старший преподаватель Института Сорбонна-Казахстан при им. Абая, г. Алматы, Казахстан
- Фатес Халид** магистр, приглашенный преподаватель ИСК (Франция)
- Чумаченко Т.Н.** ст. преподаватель, к. полит. наук, Институт Сорбонна-Казахстан
- Хусаинов О.Б.** к.ю.н., доцент кафедры Международного права Института Сорбонна-Казахстан, Казахского Национального университета им. Абая, г.Алматы, Республика Казахстан
- Хамитова Н.Е.** магистрант 2 курса кафедры Дальнего Востока Казахского Национального университета им. Аль-Фараби
- Шалкарова И.А** к.ю.н., ассоц.профессор (доцент) кафедры Международного права Института Сорбонна-Казахстан, Казахского Национального Педагогического университета им. Абая, г.Алматы, Республика Казахстан
- Шонай А.А.** Преподаватель кафедра международного права института Сорбонна-Казахстан, Казахского Национального университета им. Абая
- Шолтай С.Ш.** заместитель директора Института Сорбонна-Казахстан по воспитательной работе, КазНПУ им. Абая
- Эмис Д.Д.** магистрант 2 курса кафедры международных отношений Института Сорбонна-Казахстан при КазНПУ им. Абая

INFORMATION ABOUT AUTHORS

Abresheva S.M. senior lecturer of the Department of International Law, of the Institute Sorbonne-Kazakhstan at Abai KazNPU

Aybergenov R.B. 1st year master student of the «International Law» specialty of the Institute Sorbonne-Kazakhstan at Abai KazNPU

A.Aytkazin 2-nd year master of specialty "International Relations», Institute Sorbonne-Kazakhstan, KazNPU named Abay

Alimzhanova D. A. 2 year undergraduate of specialty international relations of the Institute of Sorbonne-Kazakhstan at KazNPU Abay, Almaty, Kazakhstan

Arzikulova R.K Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Almaty, Kazakhstan

A.A. Akhmedova The 4th year student of International Law of the Institute Sorbonne-Kazakhstan at Abai KazNPU

Baiturbayeva A.T. Scientific adviser: Candidate of Political Sciences, Senior Lecturer of the Department of International Relations of KazNPU named after Abai

Bekmoldanova A.S. master student of 2nd course, Department of international relations at the Institute Sorbonne-Kazakhstan of the Kazakh National Pedagogical University named Abai

Bitleuov A.A. master of 2 course of the Institute of Sorbonne-Kazakhstan at Abai KazNPU

Bolat Z. master of the department of International Law Sorbonne Institute-Kazakhstan at KazNPU named after Abay

Dauze S. B. 2-nd year Master of specialty "International Relations", Institute Sorbonne-Kazakhstan

Duzbaev T. Second year student of the Department of International Law of the Sorbonne-Kazakhstan Institute, Kazakh National Pedagogical University named after Abay

Dosybay Nurzhappar 1st year master student of the «International Law» specialty of the Institute Sorbonne-Kazakhstan at Abai KazNPU

Islamova A.T. educator of the faculty of international relations, Institute Sorbonne-Kazakhstan

Ermukanov E. N c.h.s., associate Professor of Institute Sorbonne-Kazakhstan at Abai KazNPU

Zhamansarin N.Sh. Scientific adviser: candidate of historical sciences, assistant professor, head of department of International relations at the Institute Sorbonne-Kazakhstan of the Kazakh National Pedagogical University named Abai

Zhumash G. Lecturer at the Department of International Law of the Sorbonne-Kazakhstan Institute, Kazakh National University named after Abay

Issagaliyev K.I Professor of International Law of the Sorbonne-Kazakhstan Institute, Abay Kazakh National University. Almaty, Republic of Kazakhstan

Kairgaliyeva A.E. 2nd year master's student of Al-Farabi KazNU

N.B. Karimov 1st year undergraduate of specialty international relations of the Institute of Sorbonne-Kazakhstan at KazNPU Abay

Kultassov B.K. 1st year graduate of the Institute Sorbonne-Kazakhstan at Abai KazNPU Almaty, Kazakhstan

Kozhageldi D.E. Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Almaty, Kazakhstan

Latai Zhanerke master of the 1st year of the faculty of International relations, Institute Sorbonne-Kazakhstan

Leboulenger A. Second-year student of the Department of International law of the Sorbonne Institute-Kazakhstan, KazNPU named after Abai

Mardan N. Second-year student of the Department of International law of the Sorbonne Institute-Kazakhstan, KazNPU named after Abai

Madenova Zamira 2-year graduate student, specialty «International Law», Sorbonne-Kazakhstan Institute under the Kazakh National Pedagogical University named after Abay

L.H.Matakbayeva d.p.s. professor Abay KazNPU Almaty, Kazakhstan

G.Menlibayev candidate of historical sciences, senior lecturer of the faculty of international relations, Institute Sorbonne-Kazakhstan

Mendulla D.A. 1st year master student of the «International Law» specialty of the Institute Sorbonne-Kazakhstan at Abai KazNPU

Mirmanova A.K. 1st year graduate of the Institute Sorbonne-Kazakhstan at Abai KazNPU Almaty, Kazakhstan

Men D. V. Doctor of political science, professor Al-Farabi Kazakh National University, Almaty

Nurmashova F.A. master 2nd year of specialty "International Relations

A.B. Ordabayeva Head of the Department of International Law of the Sorbonne-Kazakhstan Institute, Abay Kazakh National University. Almaty, Republic of Kazakhstan

Tatyana.Pak Korean language lecturer, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty

Rystina Indira the head of the Department of political Sciences of L. N. Gumilyov Eurasian National University, PhD, associate Professor, Nur-Sultan c., Kazakhstan

Sabitova A.A Scientific supervisor: doctor of law, professor, Director of the Sorbonne-Kazakhstan Institute at Abai KazNPU, 2Master of 1 year of the Institute of Sorbonne-Kazakhstan at Abai KazNPU

Sh.A. Sabitova Scientific supervisor: Doctor of Philological Science, professor of International Law of the Institute Sorbonne-Kazakhstan at Abai KazNPU

Saken Esirkep PhD candidate of political Sciences, L. N. Gumilyov Eurasian National University Nur-Sultan c., Kazakhstan

M.K. Sembinov assistant professor of historical sciences, Professor of the Department of International Relations at the Institute Sorbonne-Kazakhstan

M.B. Token senior teacher of the Institute of Sorbonne-Kazakhstan at KazNPU named after Abay Almaty, Kazakhstan

Khalid Fates, master in Education, visiting lecturer by Institute Sorbonne-Kazakhstan

T. N. Chumachenko candidate of political science, senior lecturer of the department of international relations, Institute Sorbonne-Kazakhstan, KazNPU named Abay

Khussainov O.B. Ph.D in Law, associate Professor of international law, Sorbonne Institute of Kazakhstan, KazNPU named after Abai

Khamitova Nazerke Ermekovna Master degree student of Al-Farabi Kazakh National University Almaty, Kazakhstan.

Shalkarova I.A Candidate of Law, Assoc.Professor of the Department of International Law of the Sorbonne-Kazakhstan Institute, Kazakh National Pedagogical University named after Abay Almaty, Republic of Kazakhstan

Shonay A.A. Lecturer at the Department of International Law of the Sorbonne-Kazakhstan Institute, Kazakh National University named after Abay

Sholtay S.Sh. the Deputy Director of the Institute Sorbonne-Kazakhstan in educational work, at Abai KazNPU

D.D. Emis master student of 2nd course, Department of international relations at the Institute Sorbonne-Kazakhstan of the Kazakh National Pedagogical University named Abai

